

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

**БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША
СОТҚА ДЕЙІНГІ ІС ЖҮРГІЗУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

ӘОЖ _____
ББК _____

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды Академиясының
ғылыми кеңесінің шешімі бойынша жарияланады

Пікір білдірушілер:

Авторлық ұжым: Д.А. Ширинских, з.ғ.к. А.Қ. Қалиев, з.ғ.к. Д.А. Уақасов, з.ғ.к. А.Ү. Үметов, з.ғ.к. Т.Н. Сүлейменов, М.Ж. Контуганов, А.О. Тяжина, А.С. Ноғайбаева, Б.С. Телемісов, А.Ж. Бейсенбаев, А.С. Байғараев, О.Г. Чудина.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША
СОТҚА ДЕЙІНГІ ІС ЖҮРГІЗУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірісте қолданылатын терминдер сөздігі. - Қарағанды, 2011. - _____ б.

ISBN _____

Ұсынылып отырған материалдар оқу үдерісінде және құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметінде қолданылуға арналған. Бұл жұмыс Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген, сонымен қатар белгілі ғалымдармен ұсынылған қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірісте қолданылатын негізгі түсініктерді қамтиды.

Сөздік «Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс» пәнін және жоғарғы оқу орындарында сотқа дейінгі өндіріспен байланысты арнайы курстарды оқытуда, сонымен қатар ішкі істер органдарының тәжірибелік қызметінде қолданылуға арналып дайындалған.

_____ ӘОЖ _____
_____ ББК _____

ISBN _____
2011

© ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы,

© Авторлар ұжымы, 2011

Кіріспе

Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс, әсіресе тергеудің алғашқы кезеңіндегі (тергеуге дейінгі тексеріс): тергеушінің алдында қолда бар нақты мәліметтерді қылмыстық, әкімшілік, азаматтық және заңнаманың басқа да салаларына сай саралау жолымен жағдаяттың барлық мән-жайларын және санатын анықтау қажеттілігі туындағандағы сан қилы жағдайлармен сипатталады. Бұл ретте, көбінесе, тергеуші заңшығарушымен қатар қарапайым тұлғалармен қолданылатын терминдерді дұрыс түсіну қажеттілігімен кездеседі.

Арнайы терминдерді әр түрлі талқылау дәлелдеу затының және нақты мәліметтерді анықтау шегінің маңызды тұрғыда өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Бұл жұмыс оқырманды түсініктердің дұрыстығын анықтау мақсатында оқу және ғылыми қайнар көздерін талдау қажеттілігінен арылтады.

Авторлық ұжыммен Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерінде, сонымен қатар осы саладағы мамандардың оқу және монографиялық қайнар көздерінде қарастырылған 500-ге жуық анықтамалардың қысқаша түсініктері ұсынылады.

Негізгі қайнар көздермен танысу, олармен жұмыс істеу және оларды дұрыс ұғыну ыңғайлылығы үшін ұсынылған анықтамалар сәйкес сілтемелермен қамтылған.

авария - технологиялық процестің бұзылуы, механизмдердің, жабдықтар мен ғимараттардың зақымдануы [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

адвокат - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы. Сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп танылған не өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам адвокат бола алмайды. Заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген немесе алынған; қасақана қылмыс жасағаны үшін ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған; теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған; адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясынан айрылған; лицензиясының қолданысы тоқтатылған адам - осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы адвокат бола алмайды. [Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы № 195 «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 7-бабы]

адвокаттық құпия – адвокатқа бару жағдаяты туралы, көмек сұраған тұлғалармен орын алған ауызша және жазбаша сұхбаттардың мазмұны туралы, көмек сұраған тұлғалардың мүдделеріне қатысты атқарылған жұмыстардың сипаттамасы мен нәтижелері туралы мағлұматтар, сонымен қатар адвокатпен көрсетілген заңи көмекке қатысты басқа да ақпараттар [Мазур Н. В. Адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учеб. пос. - Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2006. - 144 с. С. 111]

әкімшілік қадағалау – жаңа қылмыстардың жасалуын ескерту және қажетті тәрбиелік әсер ету мақсатында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалардың жүріс-тұрысын ашық тұрғыда (қажеттілік туындағанда құпия түрімен ұштастыра) бақылауды қамтитын заңмен анықталған мәжбүрлеу шарасы. Қызметтің бұл түрі Қазақстан Республикасының 15.07.1996 жылғы «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды әкімшілік қадағалау туралы» Заңымен реттелген. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 46-47]

ажитация – адамның күрделі психикалық ахуалы; қақтығыстық, апаттық жағдайлардағы қатты қобалжу ахуалы, қимылдардың мақсатына сайлығының бұзылуы, саналы қызметтік мүмкіндігінің төмендеуі [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 47]

алиби – қылмыс жасалған мезетте сезіктінің немесе айыпталушының басқа жерде болуы [Понятия и категории современного уголовного процесса России: Специальный юридический словарь / Сост. С.П. Сереброва. - Н. Новгород: Нижегородская академия МВД России, 2002. - 48 с. С.5]

маскүнемдік – ішімдік сусындарын жүйелі түрде пайдалану нәтижесінде дамиды, алкогольге деген психикалық және физикалық тәуелділікте көрініс алатын, жеке тұлғаның қоғамдық және психологиялық тұғырықтануына әкеліп соғатын созылмалы ауру. Статистикаға сай, басқа тұлғаларға қарағанда, маскүнемдер жиі қылмыс жасайды. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 47]

рақымшылық жасау - /1/ қылмыс жасаған тұлғаларды жазасынан толық немесе оның бір бөлігінен босату, я сол тұлғалардың сотпен тағайындалған жазасын неғұрлым жеңілдірек түріне ауыстыру [Понятия и категории современного уголовного процесса России: Специальный юридический словарь / Сост. С.П. Сереброва. - Н. Новгород: Нижегородская академия МВД России, 2002. - 48 с. С.5]

/2/ Рақымшылық жасау туралы актіні адамдардың жеке айқындалмаған тобы жөнінде Қазақстан Республикасының Парламенті шығарады. Қылмыс жасаған адамдар рақымшылық жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар жазадан босатылуы мүмкін не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін, не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан рақымшылық жасау туралы актімен соттылығы алынып тасталуы мүмкін. Ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға, сондай-ақ қылмыстардың қауіпті немесе аса қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындалған адамдарға рақымшылық жасау туралы акт қолданылмайды. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 76-бабының 1,2-тармақтары, Алматы, 1997 жылдың 16 шілдесі № 167-І]

талдау - (грек тілінде *analysis* – бөлшектелу) - зерттелуші заттың құрамдас бөліктерге ойша бөлшектенуін, кейін олардың әрбірі бөлшектенген бүтіннің бір бөлігі ретінде жеке зерттелуін қамтитын тұжырымдық тәсіл, зерттеу әдісі. Соңында, талдау барысында бөлшектеніп шығарылған бөліктер басқа тұжырымдық тәсілдің – іріктеудің (синтездің) көмегімен бір бүтінге, жалпыланған түсінікке жиылып қосылады. [Криминалистика: Криминалистическая тактика: Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «Центр деловой книги «Глобус», 2003. -432 с. С. 64]

аналогия - (грек тілінде *analogia* – ұқсастық, сәйкестік) – жалпы алғанда әр түрлі заттардың кейбір белгілерімен, сипаттарымен ұқсастығы, сәйкестігі [Криминалистика: Криминалистическая тактика: Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «Центр деловой книги «Глобус», 2003. -432 с. С. 66]

жан күйзелісі жағдайы – кенеттен туындаған жоғары күштілікке ие көңілдің әсерінен пайда болатын, эндокриндік жүйенің қызметтік өзгерістерін туғызатын ақыл-естің уақытша ұйымдастырылмауы. Құқықтануда жан күйзелісі жағдайы (жанның күшті қобалжуы) жәбірленушінің заңға қайшы қимылдарынан пайда болса, жауаптылықты жеңілдететін және қылмыстың санатталуына әсер ететін жағдай ретінде қарастырылады. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 47]

багаж - /1/ жолаушылар немесе пошта-багаж поезында тасымалдауға қабылданған, салмағы екі жүз килограмнан аспайтын мүлік [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы

29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы].

- /2/ жолаушылар мен багаж тасымалы ережелерінде белгіленген нормалар шегінде, буылып-түйілген және автобустың, шағын автобустың багаж бөлімшесінде немесе автобуска, шағын автобуска ілесіп жүретін багаж автомобилінде, сондай-ақ тасымалдаушымен қосымша келісім негізінде таксимен тасымалданатын жолаушы мүлкі [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы].

банда – кәсіпорындарға, мекемелерге, көлік құралдарына немесе жеке азаматтарға шабуыл жасау мақсатында құрылған ұйымдасқан, қаруланған адамдардың қылмыстық тобы [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С.47]

зілзала - төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан жойқын құбылыс [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы].

хабар-ошарсыз жоғалған – орналасу орны мен тағдыры белгісіз болып қала берген, еш себептерсіз кенеттен жоғалып кеткен адам [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 48]

жол жүрісі қауіпсіздігі - жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан жол жүрісіне қатысушылар мен мемлекеттің қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы].

енбек қауіпсіздігі - еңбек қызметі процесінде қызметкерлерге зиянды және қауіпті әсерді болдырмайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкердің қорғалу жай-күйі [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы].

дәрменсіздік – қарсылық көрсету мүмкіндігінен арылған ахуал [Пралиева Г.К. Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 275]

психикалық науқастың дәрменсіздігі - адам психикасының қатты бұзылуына, кемістігіне байланысты, сайып келгенде негізгі өмірлік қажеттерді өз бетімен қанағаттандыруға дәрменсіздік пайда болатын хал-жағдай [Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 96 «Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы» Заңының 1-бабы].

жақын туыстары - ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер [1] Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы № 321-І

«Неке және отбасы туралы» Заңының 1-бабы; 2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 24-тармағы, Ақмола, 1997 жылдың 13 желтоқсаны, № 206]

ақпаратты жабу – ақпараттың толық сақталуына (саулығына) қарамай, оны алу, тағайындалуына сай қолдану мүмкіндігін жою мақсатында ЭЕМ жұмыс істеу жағдайларына немесе компьютерлік ақпаратқа әсер ету [*Сырбу А.В.* Перехват сообщений в системе следственных действий: Учебное пособие. — Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2007. — 106 с. С. 14.]

ұрыс қимылдары - әскери бөлімдердің, құрамалар мен бөлімшелердің тиісті әскери басқару органдарының басқаруымен жауынгерлік міндеттерді орындау кезіндегі ұйымдасқан іс-қимылдары [Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29 «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңының 1-бабы].

оқ-дәрі (патрондар) - конструкциялық жағынан қарудың тиісті түрінен ату үшін және нысананы зақымдауға арналған құрылғылар немесе заттар (бұдан әрі - патрондар) [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы].

нашақорлықпен ауыратын адам (нашақор) - қандай да болсын есірткі, психотроптық заттарға немесе сол тектестерге физикалық және (немесе) психикалық тәуелді, белгіленген тәртіппен медициналық мекеме "нашақорлық" деген диагноз қойған адам [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі № 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1-бабы].

қылмыстылықпен күрес – қылмыстардың жасалуына жол ашатын факторларды белгілі мөршерде жоюға, қылмыстарды ескертуге, алдын алуға, тіркеуге, тергеуге және ашуға, қылмыскерлерді іздестіруге және заңдылықты жүзеге асыруға, сонымен қатар қылмыс жасаған тұлғаларды түзеуге және жазаларын өтегеннен кейін олардың жүріс-тұрысын қадағалауға бағытталған құқықтық, саяси, экономикалық, психологиялық, ұйымдастырушылық, техникалық сипаттағы шаралардың жиынтығы. Жоғарыда аталған шаралармен бірге қылмыстылықпен күрес қылмыстармен келтірілген зиянның орнын толтыруды қамтиды. [*Григорьев В.И.* Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С.48]

есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелу мен әкету - есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке өткізілуі [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі № 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1-бабы].

ветеринариялық-санитариялық сараптама - жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкес келуін ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен органолептикалық, биохимиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, уыттық және радиологиялық зерттеулер кешені арқылы тексеруі [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29

желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы].

заттай дәлелдемелер - егер оларға қылмыс қаруы болды деп ойлауға негіз болса, немесе өзінде қылмыстың ізі сақталып қалса, немесе қылмыстық әрекеттің объектісі болса, сондай-ақ ақша мен өзге де бағалы заттар, қылмысты анықтауға, істің іс жүзіндегі мән-жайын белгілеуге, кінәлілерді табуға не айыпты жокқа шығаруға немесе жауаптылықты жеңілдетуге құрал болуы мүмкін басқа да заттар мен құжаттар [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 121-бабының 1-тармағы, Ақмола, 1997 жылдың 13 желтоқсаны, № 206-І].

қылмыстық процестегі тергеуші мен анықтау органының өзара іс-қимыл жасасуы – қылмыстарды ашуға, соттық талқылаудың әділеттілігі мен қылмыстық заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған, тергеушінің процесуалды және ашық іздестіру іс-қимылдары мен анықтау органының жедел-іздестіру, процесуалды, әкімшілік қызметінің неғұрлым мақсатына сай ұштасуында көрініс алатын аталмыш жеке органдардың (процесуалдық қатынаста) заңға және заңи актілерге негізделген, мақсаты, орны, уақыты, бойынша өзара келісілген қызметі [*Оспанов С.Д.* Актуальные проблемы уголовного судопроизводства (теория и практика/ - Алматы: Академия экономики и права, 2002. - 223 с. С.106]

жарылғыш зат - сыртқы әсердің белгілі бір түрлері кезінде жылу бөліп, газ құрап, өзінен жылдам тарайтын химиялық өзгерістерге ұшырай алатын заттар [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы].

құрбаншылық - анықтаулы жағдайларда қылмыстың құрбаны болу мүмкіндігі және оның тойтарылуы мүмкін болғанда, осындай қауіптен қашу мүмкінсіздігі [*Григорьев В.И.* Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 49]

кінә - /1/ адам тек оның кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті іс-қимылдары (әрекеттері мен әрекетсіздігі) және олардың орын алған қоғамдық қауіпті салдарлары үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Қылмыста кінәлі болып тек қана оны қасақана немесе абайсызда жасаған тұлға табылады. [*Григорьев В.И.* Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие.- Алматы: ЮРИСТ, 2003.- 76 с. С.49]

- /2/ жеке тұлғаның, оның барлық саналы дүниесінің жасалған заңға қарсы іс-қимылға және оның қоғамдық қауіпті қылмыстық салдарына деген қатыстылығы [*Пралиева Г.К.* Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 104]

қару иесі - лицензияның немесе қару иемденіп алуға, алып жүруге және сақтауға рұқсаттың негізінде қаруды иеленген жеке немесе заңды тұлға [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тарту - қылмысқа тартушы адамның кәмелетке толмағанның қылмысқа қатысуға ынтасын (ниетін, ұмтылысын) және дайындығын қалыптастыру жөніндегі мақсатты әрекеттері. Мұндайда ересек адамның әрекеттері белсенді болуы тиіс және психикалық немесе денесіне зиян келтірумен (ұру, көндіру, қауіп туғызу және қорқыту, ақша беру, алдау, кек алу, қызғану және өзге де ұждансыз сезімін қоздыру, жауапсыздыққа сендіріп, қылмысты жасаудың орны мен тәсілін немесе оның іздерін жасыру туралы кеңес беру, жасаған әрекеттер үшін ақы төлеуге немесе ұрланған заттарды сатуға көмектесуге уәде беру және т.б.) ұштасуы мүмкін. Тергеу органдары және соттар кәмелетке толмағанды қылмыстық немесе өзге қоғамға қарсы әрекеттерге тарту мақсатында ересектердің қандай нақты әрекеттер жасағанын көрсетуге міндетті. Ересек адамның кәмелетке толмағанға психикалық немесе денесіне зиян келтірмей, қылмыс жасау туралы өздігінен жәй ұсыныс айтуы кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тарту болып табылмайды. [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі № 6 «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының 24-тармағы].

әскери техника - Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар жарактандырылатын қарулар, ұрыс машиналары, аспаптар мен басқа да техникалық құралдар [Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29 «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңының 1-бабы]

жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық істі қайта бастау – істі тергеу, қарау және шешу барысында анықталған жаңа, беймәлім болған мән-жайлармен байланысты заңды күшіне енген үкімді немесе өзге де сот шешімдерін тексеру жүзеге асырылатын қылмыстық іс жүргізу сатысы. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері: соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған жәбірленушінің немесе куәгердің айғақтарының, сарапшы қорытындысының көрінеу жалғандығы, сондай-ақ заңсыз немесе негізсіз үкім не қаулы шығаруға әкеп соққан заңсыз немесе негізсіз үкім не қаулы шығаруға әкеп соққан заттай айғақтардың, тергеу және сот іс-әрекеттері хаттамаларының және өзге де құжаттардың жалғандығы немесе аударманың көрінеу бұрыс жасалуы; соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған анықтаушының, тергеушінің немесе прокурордың заңсыз және негізсіз үкім, қаулы шығаруға әкеп соққан қылмыстық іс-әрекеттері; соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған, қылмыстық іс-әрекеттері; тексеру немесе тергеу арқылы анықталған және прокурордың қорытындысында баяндалған, үкім шығару кезінде сотқа беймәлім болған өзге де мән-жайлар сотталушының айыпсыздығы туралы немесе оның ауырлық дәрежесі жөнінен өзі сотталғаннан гөрі өзге қылмыс жасағаны туралы не ақталған адамның немесе өзіне қатысты іс тоқтатылған адамның айыптылығын өз алдына немесе бұрын анықталған мән-жайлармен бірге айғақтайтын ұйғарымдар. Құқық қорғау тәжірибесінде жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауда құқық қорғау органдарының жедел қызметтері жиі түрде белсенді қатысады. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 50-51]

қару-жарак – әр түрлі қару, оқ-дәрі түрлерінің кешені, бұларды қолдануды қамтамасыз ететін олардың тасығыштары мен құралдары [Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29 «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңының 1-бабы]

тұтанғыш зат - қалыпты қысым және ауамен қосылу жағдайында тұтанғыш болатын және қайнау температурасы қалыпты қысым жағдайында 20 немесе одан төмен Цельсий градус құрайтын заттар [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

зиянды (ластаушы) зат - химиялық немесе биологиялық зат не атмосфералық ауаның құрамында болатын және жол берілетін шекті нормативтерден асып түсетін белгілі бір шоғырлану түрінде адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсер ететін сондай заттардың қоспасы [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

демалыс - жұмыс орны (лауазымы) мен осы Кодексте белгіленген жағдайларда орташа жалақысын сақтай отырып, қызметкердің жыл сайынғы үзіліссіз тынығуын қамтамасыз ету немесе әлеуметтік мақсаттар үшін қызметкерді белгілі бір кезеңге жұмыстан босату [Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 251 Еңбек кодексінің 1-бабы]

жоғары қауіптілік көзінің құқыққа сай иеліктен шығып кетуі - жоғары қауіптілік көзі иесінің үшінші адамның кәдуілгі жағдайларда жоғары қауіптілік көзін оның еркінен тыс пайдаланып кетуін болдырмайтын тиісті әрі жеткілікті шараларды қабылдауы [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 11-тармағы]

алу – іс үшін маңызды заттар мен құжаттарды олардың орналасу орны белгілі болған жағдайда жеке азаматтардан, сонымен қатар кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан алу мақсатында жүзеге асырылатын тергеу іс-қимылы [Пралиева Г.К. Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 183]

пошта-телеграфтық жөнелтімдерді алу және тұтқындау – қылмыстық іс бойынша мағлұматтарды жинауға бағытталған қылмыстық іс жүргізу іс-қимылдары. Хаттар, жеделхаттар, радиogramмалар, бандерольдер, посылкалар мен басқа да почта-телеграф жөнелтілімдері іс үшін маңызы бар мәліметтерді, құжаттар мен заттарды қамтуы мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіз болған кезде олар тұтқындалуы мүмкін. Тергеуші почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау туралы прокурор санкция беретін қаулы шығарады. (Бұл қылмыстық іс жүргізу іс-қимылдарының тәртібін Қазақстан Республикасының ҚІЖК 235 бабы қарастырады). [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 51]

жоғары уытты зат - тірі организмдерге әсер ету кезінде олардың өліміне әкеп соқтыруға бейім және мынадай сипаттамасы бар заттар: асқазанға енгізілген кезде бір килограмм салмаққа қоса алғанда кемінде 15 миллиграмнан келетін өлтіретін орташа доза; теріге енгізген кезде бір килограмм салмаққа қоса алғанда кемінде 50 миллиграмнан келетін өлтіретін орташа доза; ауадағы өлтіретін орташа шоғырлануы бір литрге қоса алғанда

кемінде 0,5 миллиграмнан келетін мөлшердегі [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

қылмыстардың жасалуына жол ашатын себептер мен жағдайларды анықтау және жою – жедел-іздістіру қызметінің барысында жүзеге асырылатын ішкі істер органдарының профилактикалық жұмысының ұйымдастырушылық-тактикалық нысаны [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 51]

қылмыстарды және оларды жасаған тұлғаларды анықтау – қылмыстардың белгілерін және нақты тұлғалардың оларды жасауға деген қатыстылығын айқындайтын ақиқатты (заттай дәлелдемелерді, мағлұматтарды және т.б.) анықтау, сонымен қатар қылмыстарды тойтару немесе ескерту мақсатында жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық және тактикалық шаралардың жүйесін құрайтын қылмыстарды ашу нысандарының бірі [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С.52]

газды қару - қолданылуы көз жасын ағызатын немесе тітіркендіргіш заттарды пайдалануға негізделетін қару [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

сот ісін жүргізудің жариялылығы - тек ашық сот талқылауын жүргізуді ғана емес, сонымен бірге оған тараптардың, сондай-ақ қылмыстық іске қатысы жоқ өзге де адамдардың қатысу мүмкіндігі. Жариялылық принципі процеске қатысушылардың істің барлық материалдарымен, соның ішінде жедел-іздістіру шараларының барысында алынған деректермен және алдын ала тергеу барысында берілген прокурор нұсқауларымен (заңда көзделген шектеуден басқа) танысуды көздейді. Сонымен қатар бұл принцип сот шешімінің көпшілікке жария етілуін, тараптардың процеске қатысушы басқа адамдардан түскен шағымдар туралы құлағдар болуын және танысу мүмкіндігін, кез келген сот сатысында істі қараудың уақыты мен орны туралы хабардар болуды, заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларының бірыңғай деректер базасын құруды және олармен, сот актілерінің орындалуы жөніндегі ақпаратпен еркін танысуды қамтиды. Іс жүргізу өндірісінің сотқа дейінгі сатыларындағы жариялылығының шегін ҚІЖК-нің 205-бабына сәйкес қылмыстық процесі жүргізуші орган, ал сот отырысында - сот белгілейді. [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 25 «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялылығы принципінің соттардың сақтауы туралы» нормативтік қаулысының 3,4-тармақтары]

әлемдік желі – компьютерлері бір бірінен үлкен қашықтықта орналасқан (10-20 бастап 10 мыңдық км дейін) басқа континенттегі ЭЕМ-дағы мағлұматтарға кіру мүмкіндігін беретін ақпарат алмасу жүйесіне ие, жергілікті желілерден, сонымен қатар көптерминалды жүйелерден, виртуалды ену жүйесінен және т.б. құралған желі [Сырбу А.В. Перехват сообщений в системе следственных действий: Учебное пособие.- Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2007.- 106 с. С. 87.]

жанғыш зат - өздігінен тұтанып, сондай-ақ от алдыру көзінен от алып, оны алып тастағаннан кейін өздігінен жанатын заттар [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

мемлекеттік құпия - жарияланған немесе жоғалған жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіруі мүмкін әскери, экономикалық, саяси және өзге де сипаттағы мәліметтер [Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-І «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңының 1-бабы]

мемлекеттік құпиялар - таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-іздістірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер [Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-І «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңының 1-бабы]

мемлекеттік міндеттер - Қазақстан Республикасының заңнамасымен мемлекеттің, оның органдары мен мемлекеттік қызмет атқаратын адамдардың өкілеттігіне жатқызылған іс жүргізу мәндері [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 2-бабы]

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі - нормативтік құқықтық актілердің реквизиттерін және осы актілер туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы басқа да мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік есебінің бірыңғай жүйесі [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

азаматтық талап – жеке және заңи тұлғаға қылмыспен келтірілген мүліктік залалдың орнын толтыру туралы қылмыстық өндірісте ұсынылған және шешілімді талап [Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С. 260]

азаматтық талапкер - өзіне қатысты тікелей қылмыспен мүліктік залал келтірілді деп ұйғаруға жеткілікті негіз бар және оны өтеу туралы талап қойған жеке және заңды тұлға. Азаматтық талапкер моральдық зиянды мүліктік өтеу үшін де талап қоя алады. Прокурор заңдарда көзделген жағдайларда өз бастамашылығы бойынша жеке немесе заңды тұлғаны азаматтық талапкер деп тануға құқылы. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 77-бабының 1-тармағы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, №206]

азаматтық жауапкер - қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің барысында қойылған талапқа байланысты заң күшімен қылмыспен не есі кіресілі-шығасылы адамның Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен тыйым салынған әрекетімен келтірілген зиян үшін мүліктік жауаптылықта болатын жеке немесе заңды тұлға

[Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 78-бабының 1-тармағы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, №206]

азаматтық қару - Қазақстан Республикасының азаматтары өзін-өзі қорғау, спортпен шұғылдану және аң аулау мақсатында пайдаланатын қару жатады. Азаматтық атыс қаруы оқты түйдектете атуды болғызбауға тиіс. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы № 339 «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңының 5-бабы]

құпиялылық белгісі - беру көзінің өзінде және (немесе) оған ілеспе құжаттамада көрсетілетін, беру көздерінде қамтылған мәліметтердің құпиялылық дәрежесін куәландыратын деректемелер [Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-І «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңының 1-бабы]

дактилоскопиялық есепке алу - адамның жеке басын анықтау және растау үшін дактилоскопиялық ақпаратты тіркеу, сақтау, топтастыру және беру арқылы жүргізілетін ұсталған, қамауға алынған және сотталған тұлғаларды қолдарының саусақтарының өрнектерінің құрылысының ерекшеліктері бойынша есепке алу; Аумақтық органдарда дактилоскопиялық есепке алынады: 1) облыс аумағында сотталғандар (қамауға алынғандардың ішінен); 2) бас бостандығынан айыру орындарында жүріп қылмыс жасаған сотталғандар; 3) тергеу (анықтау) органдары бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алған айыпталушылар; 4) іздеу жарияланған тұлғалар (егер олардың дактилоскопиялық карталары болса және бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса); 5) ұсталынған тұлғалар (тек белгілі бір тұрағы немесе жеке басын анықтаушы құжаттары жоқтар ғана). [Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 «Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы» бұйрығының 1,8-тармақтары]

девиантты жүріс-тұрыс – құқықтық нормалардан ауытқымалы жүріс-тұрыс. Девиантты жүріс-тұрыстың негізгі түрлері – қылмыстық, құқыққа қарсы қылмыстық емес, аморалды. Бұл жеке тұлғаның қоғамға қарсы дамуының және оған жағымсыз қоғамдық жағдайлардың әсер етуінің нәтижесі болып табылады. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 53]

дедукция - (латын тілінде *ctechictik* – шығару) – жалпы айтқанда, кейбір белгілі мән-жайлардан, ойлардан тұжырымдау жолымен жаңа ой шығаратын ойлау түрі, демек ғылыми және дағдылық ережелерді қолдану арқылы жалпы тұжырымдардан болжамды қорытынды жасалады. Сөйтіп, жанбайтын жәшіктен бағалылықтарды ұрлау бойынша тергеу барысында қарау жүргізу үстінде жанбайтын жәшікті бұзып ашқанды сипаттайтын белгілер табылған. Жанбайтын жәшіктің өте мықты есігінің құлпы кесіліп алынған. Алайда металды балқытқан іздер болмаған. Осы іздерді зерттеу, оларды анықтамалық мәліметтермен салыстыру (бұлар нақты ғылыми ережелер ретінде қарастырылады) жанбайтын жәшікті бұзып ашуда металды кесуге арналған күшті механикалық ара қолданылды деген тұжырымға әкелген де, бұл ары қарай тергеу барысында расталған. [Криминалистика: Криминалистическая тактика: Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «Центр деловой книги «Глобус», 2003. -432 с. С. 66]

декриминализация (заңи) – қылмыстық-жазаланатын әрекеттердің бір бөлігін заңи қайта бағалау, оларды әкімшілік, тәрбиелік және басқа да құқықбұзушылықтардың, немесе тіпті қоғамдық қолдаудағы тәртіптің санатына аудару [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 53]

деликт – құқықбұзушылық [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 53]

ақша - сатып алу және сату кезінде құн өлшемі болып табылатын металл және қағаз белгілер [Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 18 қазандағы N 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қазандағы N 187, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы N 590, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 7 қазандағы N 214 «Бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамап ұстау туралы Нұсқаулықтарды бекіту туралы» Бірлескен бұйрығымен бекітілген «Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану туралы» Нұсқаулықтың 2-тармағы]

депозит - келу жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін ақша сомалары түсетін арнайы банктік есеп-шот [Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 18 қазандағы N 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қазандағы N 187, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы N 590, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 7 қазандағы N 214 «Бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамап ұстау туралы Нұсқаулықтарды бекіту туралы» Бірлескен бұйрығының 2-тармағы]

детерминанттар – көріністерді, жағдайларды туғызатын және оларды негіздейтін нақты факторлар. Қазіргі уақытта қылмыстылықты туғызатын детерминанттарға келесілерді жатқызуға болады: нашақорлық, маскүнемдік, сексуалдық тәртіпсіздік және оны жеке бұқаралық ақпарат құралдарында көрсету, жалпы жұмыссыздық және басқа да көріністер. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 54]

қылмыстылық динамикасы – алынған уақыт аралығындағы қылмыстылықтың сандық есебін сипаттайтын көрсеткіш; қылмыстылықты динамикада, демек қозғалыста, даму үстінде байқап отыруға мүмкіндік беретін көрсеткіш [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 54]

анықтаушы - өз құзыретінің шегінде қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік лауазымды адам. Анықтаушы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен айқындалған нысандарда сотқа дейінгі іс жүргізудің басталуы және жүзеге асырылуы туралы шешім қабылдауға, заңда оларды анықтау органы бастығының бекітуі, прокурордың санкциясы немесе соттың шешімі көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес шешімдер қабылдауға және тергеу мен басқа да іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге құқылы. [Қазақстан Республикасының

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 67-бабының 1,2-тармақтары, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, №206]

анықтау - анықтау органдарының Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен белгіленген өкілеттік шегінде істің мән-жайының жиынтығын анықтау, белгілеу, бекіту және қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі сотқа дейінгі қызметінің іс жүргізу нысаны [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 15-тармағы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, №206]

қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер - оның негізінде анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот осы Кодексте белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген әрекеттердің болғандығын немесе болмағандығын, айыпталушының бұл әрекетті жасағандығын немесе жасамағандығын және айыпталушының кінәлілігін не кінәлі емес екендігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын заңды түрде алынған іс жүзіндегі деректер. Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар іс жүзіндегі деректер сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің көрсетулерімен; сарапшының қорытындысымен; заттай айғақтармен; іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталады. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 115-бабы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, №206]

дәлелдеу - істі заңды, негізделген және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинау, зерттеу, дәлелдемелерді пайдалануға қабылдау. Айыпталушының қылмыстық жауаптылығы мен кінәсінің бар екендігінің негізін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 124-бабы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, №206]

құжатталған ақпарат - материалдық жеткізушіде өзін бірдейлендіруге мүмкіндік беретін реквизиттермен қоса тіркелген ақпарат [Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы № 412-ІІ «Ақпараттандыру туралы» Заңының 1-бабы]

лауазымды адам - /1/ тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам [Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 453 «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 1-бабы]

- /2/ тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында өкімет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не ұйымдастырушылық-билік етушілік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерін атқаратын адамдар [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 2-бабының 4-тармағы]

қосымша сараптама - алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті дәрежеде анық болмаған не сот сарапшысы өзінің алдына қойылған мәселелерді толық шешпеген не алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажет болған жағдайларда жүргізілетін сот сараптамасы [Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы № 188 «Сот сараптамасы туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағы]

жол берушілік – нақты мағлұматтарды алу қайнар көзінің заңға сәйкестігін және оларды жинау тәртібін қатаң сақтауды қамтитын дәлелдемелердің белгісі [Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С.261]

құжаттар-дәлелдемелерге жол берушілік – қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарын сақтау тұрғысынан қарағандағы мәліметтердің инсапқа (субъектіге), қайнар көзге, оларды бекіту тәсілі мен процесуалды нұсқасына қатысты қолдану мүмкіндігі [Царева Н.П. Документы-доказательства в уголовном судопроизводстве. - М.: "Приор-издат", 2003. - 160с. С. 150]

жол жүрісі - адамдар мен жүктің жолдармен көлік құралдарын пайдаланып не оларсыз (жүргіншілер) жүрісі кезінде, сондай-ақ осы жүріс ережелерін реттеу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар жиынтығы [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

жол-көлік оқиғасы - көлік құралдарының жол бойында жүрісі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, ғимараттар, жүк бүлінген не өзге де материалдық залал келтірген оқиға [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

құжаттар-дәлелдемелердің жеткіліктілігі – олардағы қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын жағдайларды анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтер жиынтығы [Царева Н.П. Документы-доказательства в уголовном судопроизводстве. - М.: "Приор-издат", 2003. - 160с. С. 150]

айқындылық – дәлелдемелердің шындыққа, шынайылыққа сәйкестігін қамтитын белгісі [Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С. 261]

құжаттар-дәлелдемелердің айқындылығы – олардағы мәліметтердің шынайылыққа сәйкестігі [Царева Н.П. Документы-доказательства в уголовном судопроизводстве. - М.: "Приор-издат", 2003. - 160с. С. 150]

қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу - қылмыстық іс қозғалған кезден бастап оны мәні бойынша қарау үшін сотқа жолдағанға дейін қылмыстық іс бойынша іс жүргізу (анықтау және алдын ала тергеу), сондай-ақ қылмыстық іс бойынша жеке айыптаушы мен қорғау тарабының материалдар дайындауы [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 28-тармағы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, №206]

асыл тастар - табиғи алмастар, зүбаржаттар, лағылдар, сапфирлер және кез-келген түрдегі және жағдайдағы басқа да асыл тастар [Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 18 қазандағы N 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қазандағы N 187, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы N 590, Қазақстан

Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 7 қазандағы N 214 «Бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамап ұстау туралы Нұсқаулықтарды бекіту туралы» Бірлескен бұйрығымен бекітілген «Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану туралы» Нұсқаулықтың 2-тармағы]

бағалы металдар - алтын, күміс, платина және кез-келген түрдегі және күйдегі платина тобының металдары [Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 18 қазандағы № 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қазандағы № 187, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы № 590, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 7 қазандағы № 214 «Бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамап ұстау туралы Нұсқаулықтарды бекіту туралы» Бірлескен бұйрығымен бекітілген «Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану туралы» Нұсқаулықтың 2-тармағы]

шағым - азаматтар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы, өтініштер бойынша қабылданған шешімдердің орындалмауы, ішкі істер органдарының басшы құрамы адамдарының және өзге де лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттері туралы өтініш [Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 21 тамыздағы № 626 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің органдарында, ұйымдарында азаматтардың өтініштерін қарау және оларды қабылдауды ұйымдастыру тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығының 6-тармағы]

темір жолдар - жылжымалы құрамның жүруі іске асырылатын жылжымайтын мүлік объектілері (тар және кең табан магистральдық, станциялық, кірме жолдар) [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

үй-жай - адамдарды немесе материалдық құндылықтарды орналастыруға арналған тұрақты да, уақытша да, стационарлық та, жылжымалы да құрылыс немесе ғимарат, соның ішінде: бір немесе бірнеше адамның уақытша немесе тұрақты тұруына арналған үй-жай, оның ішінде: меншікті немесе жалға алынған пәтер, үй, саяжай үйі, мейманхана нөмірі, каюта, көп пәтерлі үйлерді қоспағанда, оларға тікелей жалғасатын тұрғын үйлердің верандалары, террасалары, галереялары, балкондары, жер төлесі және шатыры, сондай-ақ өзін немесе теңіз кемесі.[1] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 8 «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 14-тармағы; 2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 42-тармағы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, № 206]

өзге де ақпараттарды есепке алу кітабы – қылмыстар, оқиғалар жөніндегі тіркелген ақпараттар, өтініштер мен хабарламалар туралы және олар бойынша қабылданған іс жүргізу шешімдері туралы мәліметтерді қамтитын қатаң есептілік құжаты [Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 12 қыркүйектегі № 83 «Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпаратты

қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Бұйрығының 2-тармағының 9-тармақшасы]

қылмыс туралы көрінеу жалған өтініш – бұл пайдәкүнемдік ниетпен ұйымдастырылып, дайындалып жатқан сияқты немесе жасалған қылмыс туралы жеке немесе заңды тұлғаның көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы. Соның ішінде өтініш тек Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарына сәйкес қылмыстық іс қозғауға құқығы бар органдарға және олардың қызметкерлері болып табылатын лауазымды тұлғаларға жолданған болуы және өзге де ақпараттарды есепке алу кітабында тіркелген болуы тиіс [Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 12 қыркүйектегі № 83 «Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Бұйрығының 2-тармағының 8-тармақшасы]

теңізді ластау - адамдардың денсаулығына, теңіздің биологиялық ресурстарына және теңіздің экожүйесіне зиян келтіретін не зиян келтіруге қабілетті, теңізде немесе оның жағалауында жұмысты жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға кедергілер жасайтын немесе зиян не залал келтіретін немесе келтіруге қабілетті материалдардың, заттардың, энергияның, шудың, тербелістердің теңіз аясына келіп түсуі, сондай-ақ сәулелер мен өрістердің алуан үлгілерінің пайда болуы [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамды ұстау - оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын іс жүргізулік мәжбүрлеу шарасы. Нақты ұстау сәтінен бастап үш сағаттан аспайтын мерзімде тергеуші немесе анықтаушы ұстаудың негізі мен дәлелдері, жері мен уақыты (сағаты мен минутын көрсете отырып), жеке тінтудің нәтижелері, сондай-ақ хаттама жасалған уақыт көрсетілетін хаттама жасайды. Егер ұстаған кезден бастап жетпіс екі сағаттың ішінде ұсталушыны ұстау орнының бастығына айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы сот қаулысы келіп түспесе, ұстау орнының бастығы ұсталушыны өзінің қаулысымен бірден босатады және ол туралы іс жүргізіп жатқан адамға және прокурорға хабарлайды. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 132-бабының 1-тармағы, 134-бабының 1-тармағы, 136-бабының 3-тармағы, 137-бабы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, № 206]

қылмыс үстінде ұстау – тұлғаны қылмыс жасау орнында, қылмыстық әрекет жасау мезетінде, оларды жаңа ғана жасап болған кезде немесе қылмыс жасаған жерден жасырынуға талпыну барысында ұстауға бағытталған іс-қимыл [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 55-56]

сот сарапшысының қорытындысы - Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен ресімделген, сот сараптамасын тағайындаған адам не азаматтық процестің тарабы сот сарапшысының алдына қойған мәселелер бойынша негізделген

қорытындылар [Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы № 188 «Сот сараптамасы туралы» Заңының 1-бабы]

сарапшының қорытындысы - Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін құжат. Сарапшының ауызша түсініктемесі ол бұрын берген қорытындыны түсіндіруі бөлігінде ғана дәлел болып табылады. Сарапшының қорытындысы қылмыстық процесті жүргізуші орган үшін міндетті болып табылмайды, алайда оның қорытындымен келіспеушілігі дәлелді болуы тиіс. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 120-бабы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, № 206]

заң - қоғамдық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 3-тармағында көзделген түбегейлі принциптер мен нормаларды белгілейтін, Қазақстан Республикасының Парламенті, ал Қазақстан Республикасы Конституциясы 53-бабының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайтын нормативтік құқықтық акт [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

заңды өкілдер - сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары, сондай-ақ сезіктіні, айыпталушыны немесе жәбірленушіні қорғап немесе асырап отырған ұйымдар мен адамдардың өкілдері [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 22-тармағы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, № 206]

заңнамалық акт - конституциялық заң, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлығы, кодекс, заң, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы, Сенат пен Мәжілістің қаулылары [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы].

заңнама - белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

дәлелдемелерді бекіту - іс жүзіндегі деректерді іс жүргізу іс-әрекеттерінің хаттамаларында көрсету. Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс жазу, бейнежазба, киноға түсіріп алу, фотоға түсіру, құймалар, таңбалар, жоспарлар, кестелер дайындау және ақпаратты бейнелеудің басқа да әдістері қолданылуы мүмкін. Тергеу іс-әрекетіне немесе соттың талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген әдістерін қолданғандығы туралы тиісінше тергеу іс әрекеті хаттамасына немесе сот отырысының хаттамасына пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамасы келтіріле отырып белгі соғылады. [Қазақстан Республикасының

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 126-бабының 1,11-тармақтары, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, № 206]

сұраным - /1/ мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың құқықтық статистикалық ақпарат беру туралы жазбаша өтініші [Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы № 9380а «Құқықтық статистикалық ақпаратты ұсыну бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығының 3-тармағы]

- /2/ жеке немесе қоғамдық сипаттағы мүдделі мәселелер бойынша жауап алуға азаматтардың мүдделілігін білдіретін өтініш [Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 21 тамыздағы № 626 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарында, ұйымдарында азаматтардың өтініштерін қарау және оларды қабылдауды ұйымдастыру тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығының 6-тармағы]

кепіл - күдіктінің, айыпталушының анықтау, тергеу органдарына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін күдіктінің, айыпталушының өзі не басқа жеке немесе заңды тұлға соттың депозитіне, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізуші орган қабылдайтын жылжымайтын мүлік пен басқа да бағалы заттар түрінде салатын ақшадан тұратын бұлтартпау шарасы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 148-бабының 1-бөлігі, 322-бабының 1-бөлігі). [Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 18 қазандағы № 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қазандағы № 187, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы № 590, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 7 қазандағы № 214 «Бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамап ұстау туралы Нұсқаулықтарды бекіту туралы» Бірлескен бұйрығымен бекітілген «Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану туралы» Нұсқаулықтың 2-бөлігі]

кепіл беруші - күдіктінің, айыпталушының анықтау, тергеу органдарына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келу міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін күдікті, айыпталушы не басқа да кез-келген әрекетке қабілетті жеке немесе заңды тұлға салған кепіл [Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 18 қазандағы № 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қазандағы № 187, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы № 590, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 7 қазандағы № 214 «Бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамап ұстау туралы Нұсқаулықтарды бекіту туралы» Бірлескен бұйрығымен бекітілген «Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану туралы» Нұсқаулықтың 2-бөлігі]

қорғау - қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, айыптауды жоққа шығару немесе жеңілдету, сондай-ақ заңсыз қылмыстық ізге түсуге ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 19-тармағы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, № 206]

ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қорғау - ақпаратты алу, көшірмесін түсіру, тарату, бұрмалау, жою немесе оған тосқауыл қою жөніндегі заңсыз іс-әрекетті

қоса алғанда, ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйелерге заңсыз қол жеткізуді болғызбауға бағытталған құқықтық, экономикалық және ұйымдық-техникалық іс-шаралар кешені [Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы № 412-ІІ «Ақпараттандыру туралы» Заңының 1-бабы]

қорғаушы - заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам. Қорғаушы ретінде адвокат қатысады. Қорғаушы ретінде қылмыстық процеске адвокаттың қатысуы кезінде күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғауды одан басқа оның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы не қамқоршысы, қорғаншысы не күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 70-бабының 1,2-тармақтары, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, № 206]

мәлімдеуші - сотқа немесе қылмыстық ізге түсу органдарына қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен өзінің (басқаның) нақты немесе жорамалды құқығын қорғау үшін өтініш жасаған адам [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 20-тармағы, Ақмола, 1997 жылғы 13 желтоқсан, № 206]

өтініш - азаматтардың ішкі істер органдарына немесе олардың басшыларына және өзге де лауазымды адамдарына жолдаған, сол арқылы олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына байланысы жоқ субъективті құқықтары жүзеге асырылатын ресми түрдегі өтініші [Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 21 тамыздағы № 626 «Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің органдарында, ұйымдарында азаматтардың өтініштерін қарау және оларды қабылдауды ұйымдастыру тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығының 6-тармағы]

сот қаулыларын кәнігі түрде орындамау - орындау қажеттілігі туралы тиісті түрде қайта хабарлаудан кейін оны себепсіз орындамау [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамыр № 1 «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 7-тармағы]

есірткі немесе психотроптық заттарды теріс пайдалану (есірткі немесе психотроптық заттарды заңсыз тұтыну) - есірткі немесе психотроптық заттарды дәрігердің тағайындауынсыз қасақана заңсыз тұтыну [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі № 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1-б.]

төтенше жағдай аймағы - төтенше жағдай туындаған белгілі бір аумақ [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабы]

идентификация (сәйкестендіру) – криминалистикада (жедел-іздіксіз қызметінде де қолданылады) қылмыстық, әкімшілік немесе азаматтық процестерде дәлелдемелер алу мақсатында жалпы және жеке белгілердің жиынтығын салыстырмалы тұрғыда зерттеу

жолымен нақты объектінің немесе жеке тұлғаның шынайылығын анықтау үдерісі [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 57]

өнімді, қызметті идентификациялау – белгілі бір өнімді, қызметті ерекше белгілері бойынша тануды қамтамасыз ету процедурасы [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-ІІІ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы].

қару дайындаушы – қаруды жасап шығару, өндіру, жөндеу, сату, сатып алуға лицензиясы бар ұйым [Қазақстан Республикасының 30 желтоқсан 1998 жылғы № 339-І «Жекелеген қару түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы» Заңының 1 бабы]; [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-ІІІ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы].

өлшеу – арнайы техникалық құралдардың көмегімен тәжірибе жасау арқылы физикалық өлшемнің мәнін табу [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-ІІІ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы].

уақытша ұстау изоляторы – қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталғандарды қамауда ұстауға арналған арнайы мекеме [Қазақстан Республикасының 30 наурыз 1999 жылғы № 353-І «Қылмыс жасады деген сезік бойынша сезіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстаудың тәртібі мен жағдайлары туралы» Заңының 2 бабы]

өзін өзі айыптаудың иммунитеті – куә ретінде жауап беруші тұлғаның қылмысты жасағандығы бойынша өзін әшкерелейтін жауаптан бас тарту құқығы [Сейтжанов О.Т. Свидетельский иммунитет в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан: Учеб.пос. – Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им Б.Бейсенова, 2009. – 88 с. С.16]

оны бұзған жағдайда келтірілген моральдық залалды ақшалай өндіру мүмкіндігінен айыратын жеке тұлғалардың мүліктік құқығы - атап айтқанда: мүлікті иемдену, пайдалану және өкім етумен байланысты құқығы; құқықтық қатынас қатысушыларының араларында пайда болатын мүліктік талаптар (соның ішінде азаматтың денсаулығына немесе өміріне келтірілген залалды өтеу бойынша міндеттемені орындамаумен немесе дұрыс орындамаумен байланысты заттық немесе міндетті құқықтар), сондай-ақ авторлардың өздері шығарған шығармалары немесе жасап шығарғандары үшін сыйақы алу құқықтары. Егер азаматтың мүліктік құқықтары оның жеке мүліктік емес құқықтары мен жағдайларымен бір мезгілде бұзылған болса, онда келтірілген мүліктік зиянды өтеу жөніндегі талаптарды қанағаттандырумен қатар, моральдық зиянды өтеу жөнінде жасалған талап та қанағаттандырылуға жатады (бір мезгілде тұрғын-жайға қол

сұқпаушылықты бұзу арқылы жәбірленушінің мүлкін заңсыз иемдену; тауардың сапасы бойынша тұтынушының құқықтарының бұзылуы; авторлықты иемдену; сатып алу басымдылығы құқығының бұзылуы және т.с.с.). [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 21 маусым 2001 жылғы № 3 «Соттардың моральдық зиянды өтеу бойынша заңнаманы қолдану туралы» Нормативтік қаулысының 13 тармағы]

қылмыс, оқиғалар туралы басқа ақпараттар - телефон (телефакс), телетайп, телеграф, факсимильдік байланыс арқылы, ресми сайттарда электронды түрде, қылмыстық қудалау органының блогында, күзеттік белгі беру белгісінің қосылуы түрінде, сонымен қатар қылмыстық қудалау органдарының кезекшілік жүктелімдерінің ведомстволық радио байланыс арналары бойынша түскен хабарламалар, соның ішінде төмендегіден туындайтын жатады:

1) қылмыстың салдарынан туындаған жарақаттармен, зақымдармен, аурулармен түскен азаматтардың жүгінуі туралы емдеу мекемелерінен;

2) қылмыстың белгілерін білдіретін жағдайларға байланысты азаматтардың жеке куәліктерін және төлқұжаттарын жоғалту жөніндегі көші-қон полициясының бөлімшелерінен;

3) қылмыс жасады деген күдікпен және жасалған қылмыс туралы құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардан;

4) қылмыс туралы күдікті тудыратын жағдайлар бойынша басқа ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер (түрлі меншік иелері), азаматтардың және басқа да жеке тұлғалардың қоғамдық бірлестіктерінен. Қылмыстар, оқиғалар туралы басқа да ақпараттарға жатқызылуы керек:

авариялар, жануарлар індеттері, табиғи зілзала және адамдармен болған жазатайым оқиғалар туралы мәліметтер;

құқыққа қарсы сипаттағы басқа да әрекеттер туралы мәліметтер.

АЕЖ-да тіркелген қылмыстар, оқиғалар туралы басқа ақпараттар түскен кезінен бастап 24 сағаттан аспайтын мерзімде тексерілуі керек, ал қосымша мәліметтерді алу, құжаттарды немесе басқа материалдарды талап ету, оқиға болған орында тексеріс өткізу қажет болған кезде, қарау мерзімі орындаушының баянатымен органның бірінші басшысымен немесе оның орынбасарымен (орталық аппараттарды – комитеттер төрағасының немесе департаменттер бастығының немесе оларды ауыстыратын тұлғалардың) 3 тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін. [Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының 2011 жылғы 6 сәуіріндегі №26 «Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығының 5, 24 бөлігі]

индукция - (латынша inductio кіріп шығу) - соның көмегі арқылы қандай да бір класты барлық біртектес заттың жалпы ережесіне, жалпы жағдайына нұсқайтын кең мағынадағы ойлау нысаны. [Криминалистика: Криминалистическая тактика: Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «Центр деловой книги «Глобус», 2003. -432 с. С. 64]

нұсқаулық - заңнаманы қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласында қолдануды жіктейтін нормативтік-құқықтық акт [Қазақстан Республикасының 24 наурыз 1998 жылғы №213-І «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Заңының 3 бабы 3 бөлігі 4 тармағы]

ақпараттық жүйе - ақпараттық процестерді жүзеге асыруға арналған ақпараттық технологияның, ақпараттық желінің және оларды бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету құралдарының жиынтығы [Қазақстан Республикасының 8 мамыр 2003 жылғы № 412-ІІ «Ақпараттандыру туралы» Заңының 1 бабы].

ақпараттық процестер - ақпараттық технологияны қолдану арқылы ақпаратты жасау, жинау, өңдеу, жинақтау, сақтау, іздеу, беру, қолдану және тарату процестері [Қазақстан Республикасының 8 мамыр 2003 жылғы № 412-ІІ «Ақпараттандыру туралы» Заңының 1 бабы].

ақпараттық ресурстар - ақпараттық жүйелерде бар тиісті бағдарламалық қамтамасыз етумен біріктірілген және ақпаратты пайдаланушыларды қызықтырушы электронды жүйеленген ақпарат [Қазақстан Республикасының 8 мамыр 2003 жылғы № 412-ІІ «Ақпараттандыру туралы» Заңының 1 бабы].

ақпараттық қызмет - пайдаланушыларға олардың сұраулары немесе тараптардың келісімі бойынша ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді беру қызметі [Қазақстан Республикасының 8 мамыр 2003 жылғы № 412-ІІ «Ақпараттандыру туралы» Заңының 1 бабы].

инцидент - /1/ оқиға немесе нәтижесінде шығын келтірілген немесе осындай шығынның тікелей келтірілу қаупі туындаған шығу тегі бір оқиғалар [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-ІІІ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

/2/ қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын техникалық құралдардың жұмыс істеуден бас тартуы немесе зақымдануы, технологиялық процесс режимінен ауытқу, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-ІІІ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдар - сот отырысының хатшысы, аудармашы, көрген адам, куә, куәгер, сарапшы, маман, сот приставы [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7 бабы 25 тармағы. Ақмола, 13 желтоқсан 1997 жыл, № 206-І]

процессуалдық мәжбүрлеудің басқа шаралары – соның көмегі арқылы іс бойынша өндіріс жүргізу барысында заң тәртібі қамтамасыз етілетін шаралар, сондай-ақ бұл азаматтық талап, мүліктік айыпты өндіру және мүлікті тәркілеуге қатысты үкімнің

орындалуына жағдай туғызады. [*Оспанов С.Д.* Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С. 261]

зерттеу – бақылау, өлшеу мен есептеу, салыстыру, эксперимент, белгілеу, алу және талдау [*Ширинских Д.А., Турганов А.О.* Производство осмотра живого лица в уголовном процессе Республики Казахстан. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуіндегі тірі адамға тексеру (қарау) жүргізу. Учебное пособие. — Караганда: КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2009. – 45 с., С. 3]

дәлелдемелерді зерттеу - алынған дәлелдемелерді талдау, оны басқа да дәлелдемелермен салыстыру, қосымша дәлелдемелер жинау, дәлелдемелерді алу көздерін тексеру. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 127 бабы. Ақмола, 13 желтоқсан 1997 жыл, № 206-І]

жазбаша құжаттарды және заттарды талап ету - бұл қылмыстық сот өндірісінің кез келген сатысындағы сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы және қорғаушының ҚДЖК-де көзделген өз өкілеттігі шегінде, барлық мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар және азаматтардың орындауы міндетті, жазбаша түрдегі мәжбүрлеуден тыс дербес процессуалдық әрекеті [*Царева Н.П.* Документы-доказательства в уголовном судопроизводстве. - М.: "Приор-издат", 2003. - 160с. С. 149]

қорытынды шешім - қылмыстық процесті жүргізуші органның іс бойынша іс жүргізудің басталуын немесе жалғастырылуын болдырмайтын, сондай-ақ, түпкілікті болмаса да, істі мәні бойынша шешетін әртүрлі шешімдері [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7 бабы 35 тармағы. Ақмола, 13 желтоқсан 1997 жыл, № 206-І]

карантин (уақытша тыйым салу) - эпизоотиялық ошақты жою және аурудың таралуына жол бермеу мақсатында шаруашылық байланыстарды шектеу және тоқтату, мемлекеттік ветеринарлық қадағалаудың мемлекет бақылауындағы жүктердің эпизоотиялық ошақ, қолайсыз пунктер мен қолайлы ветеринарлық-санитарлық аумақтар арасында қозғалуын тоқтатуға бағытталған ветеринарлық және әкімшілік-шаруашылық шараларды көздейтін құқықтық режим. [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-ІІІ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

карцер - белгіленген қамауда ұстау ережесін қасақана бұзған тұлғаны ұстауға арналған жеке камера [Қазақстан Республикасының 30 наурыз 1999 жылғы № 353-І «Қылмыс жасағандығы бойынша сезіктілерді және айыпталушыларды қамауда ұстаудың тәртібі мен жағдайлары туралы» Заңының 2 бабы]

катастрофа (апат) - регионалдық немесе терең масштабты төтенше жағдайға әкеп соқтырған қирау құбылысы. [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-ІІІ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

қылмысты саралау - белгілері Қылмыстық кодекстің белгілі бір бабында көзделген қылмыс құрамының белгілеріне сәйкес келетінін анықтау тұрғысында қылмыстық әрекетті қылмыстық-құқықтық бағалау. Қазақстан Республикасында қылмысты саралауға баса көңіл бөлінеді, себебі әрекетке дұрыс заңды баға беру – бұл жедел-іздістіру қызметін, анықтау, тергеу жүргізуді жүзеге асыру және қылмыстық істер бойынша әділ сот жүргізу барысында заңдылықтың сақталуының қажетті жағдайы болып табылады. [*Григорьев В.И.* Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 57-58]

кибертерроризм (киберлаңкестік) - мемлекеттің жоғарғы басшыларына психологиялық әсер ету мақсатында компьютерлік ресурстарды адамзатқа қарсы қолдану [*Токсанбаев А.Б.* Интерпол и международный терроризм: проблемы, тенденции развития и противодействие: Монография. -Алматы: ОФППИ «Интерлигал» в Казахстане, 2004. - 304 с. С.7.]

кодекс - Қазақстан Республикасының 24 наурыз 1998 жылғы № 213-І «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Заңының 3-1 бабында көзделген біртекті қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар біріктірілген және жүйеленген заң. Қазақстан Республикасының Кодекстері келесі біртекті қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында қабылданады: 1) бюджеттік; 2) азаматтық; 3) азаматтық процессуалдық; 4) неке-жанұялық; 5) экологиялық; 6) сул; 7) жер; 8) орман; 9) салық; 10) кедендік; 11) көліктік; 12) еңбек; 13) қылмыстық жазаны орындаумен байланысты; 14) әкімшілік жауапкершілікке тартумен байланысты; 15) қылмыстық жауапкершілікке тартумен байланысты; 16) қылмыстық-процессуалдық [Қазақстан Республикасының 24 наурыз 1998 жылғы № 213-І «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Заңының 1 бабының 5 тармағы, 3-1 бабы]

адвокаттар алқасы - Қазақстан Республикасының 05 желтоқсан 1997 жылғы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңымен бекітілген, жеке және заңды тұлғаларға квалификациялық заң көмегін көрсету, адвокаттардың заңды мүдделерін жүзеге асыру және құқықтарын қорғау үшін құрылатын коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін өзі басқаратын және өзін өзі қаржыландыратын адвокаттар ұйымы. [*Мазур Н.В.* Адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учеб. пос. - Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2006. - 144 с. С. 113]

комиссиялық сараптама - бір мамандық бойынша сот сарапшылары комиссиясы жүргізетін сот сараптамасы [Қазақстан Республикасының 12 қараша 1997 жылғы № 188-І «Сот сараптамасы туралы» Заңының 8 бабы 2 бөлігі]

Ақталған азаматтарға келтірілген моральдық зиянды өтеу – ақтау туралы шешім қабылдаған сот немесе лауазымды тұлғалар жүзеге асыратын, бұзылғанға дейінгі құқықтарын қайта орнына келтіруге және келтірілген моральдық зиянның зардаптарын жоюға бағытталған шаралар кешені [*Бачурин С.Н.* Компенсация морального вреда реабилитированным гражданам и потерпевшим от преступлений по законодательству

Республики Казахстан: Монография. – Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2008. – 152 с. С. 67.]

кешенді сараптама – іс бойынша маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін әртүрлі білім саласы негізінде зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайларда әртүрлі мамандық бойынша сот сарапшылары комиссиясы жүргізетін сот сараптамасы [Қазақстан Республикасының 12 қараша 1997 жылғы № 188-І «Сот сараптамасы туралы» Заңының 8 бабы 3 бөлігі]

компьютер (дербес компьютер, ЭЕМ) - бағдарламамен және операцияны пайдаланушымен белгіленген (ақпаратты жинау, жинақтау, сақтау, өңдеу, беру және т.с.с.) символдық және бейнелік ақпараттардың және белгіленген арналар арқылы ақпараттық-есептеу желісіне, сондай-ақ бұһаралық ақпараттардың қайнар көздеріне шығуға мүмкіндік беретін электронды құрылғылар жүйесі. [*Сырбу А.В.* Перехват сообщений в системе следственных действий: Учебное пособие. — Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2007. — 106 с. С. 87.]

компьютерлік желі (ЭЕМ желісі) — ЭЕМ бір бірімен өзара әрекеттесетін, ЭЕМ байланыс арналары арқылы ақпаратты беретін және алатын бірыңғай кешен. [*Сырбу А.В.* Перехват сообщений в системе следственных действий: Учебное пособие. — Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2007. — 106 с. С. 87.]

конституциялық заң - Қазақстан Республикасы Конституциясының 62 бабы 4 тармағында көзделген тәртіппен қабылданатын Қазақстан Республикасының Конституциясында конституциялық деп аталған заң. Конституциялық заңдар Конституцияда көзделген мәселелер бойынша әрбір Палатадағы депутаттардың жалпы санының екіден үштен көп емес дауысымен қабылданады. [Қазақстан Республикасының 24 наурыз 1998 жылғы № 213-І «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Заңының 1 бабы 6 тармағы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 62 бабы 4 тармағы; Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-ІІІ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

құпия мәліметтер - Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе тараптардың келісіміне сәйкес, кіруге арнайы шектеулер бар мемлекеттік құпия болып табылмайтын ақпарат. [Қазақстан Республикасының 08 мамыр 2003 жылғы № 412-ІІ «Ақпараттандыру туралы» Заңының 1 бабы].

ақпаратты көшіру - бұзылмауын және мақсаты бойынша қолдану мүмкіндігін сақтау арқылы түпнұсқалық ақпараттың көшірмесін түсіру (немесе) машиналық тасымалдағышта файлдың(дардың) дубликатын жасау. [*Сырбу А. В.* Перехват сообщений в системе следственных действий: Учебное пособие. — Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2007. — 106 с. С.13]

сыбайлас жемқорлық - мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы [Қазақстан Республикасының 2 шілде 1998 жылғы № 267 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 2 бабы].

ұрлық — бұл бөтен мүлікті жасырын ұрлау. Ұрлау жасырын болып табылатыны туралы сұрақты шешуде кінәлі тұлғаның оқиғаны өзі қалай қабылдап-түсінгенін қарастыру қажет. Егер кінәлі тұлға өз әрекетін айналасындағылардан жасырын деп санаса, онда тіпті меншік иесі немесе басқа адам оның әрекетін сырттай бақылап тұрған болса да, жымқыру ұрлық деп саралануы қажет. Егер де жоғарыда көрсетілген тұлғалардың қайсыбірі мүлікті иемдену оқиғасын көрсе, алайда оның қылмыстық сипатын түсінбеген болса, жымқыру ұрлық болып саналады. Егер жымқыру кінәлі тұлғаның туысы, жолдасы немесе басқа да жеке сипаттағы қарым-қатынаста болып табылатын адамдардың қатысуымен жасалса, яғни ол аталған тұлғалар оның әрекетін айтып қояды немесе оған кедергі келтірмейді деп есептесе, онда мұндай жағдайда әрекет ұрлық деп саралануы тиіс. [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 11 шілде 2003 жылғы № 8 «Ұрлық істері бойынша сот тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысының 4 тармағы].

аса қажеттілік – қылмыстық құқықта бұл белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру жағдайы және сырттай қылмыс белгілерімен сипатталады. Егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, келтірілген зиян алдын алған зиян мөлшерінен аз болса, онда әрекет қылмыс болып табылмайды. [*Григорьев В.И.* Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 58]

криминалистикалық болжам - бұл нақты іс материалдарынан шығатын және тергеу жүргізу тәжірибесін ескеру арқылы құрылған негізделген пайымдау. Болжам іс бойынша маңызы бар оқиғалар мен фактілердің бар-жоқтығын, сондай-ақ осы фактілердің пайда болуы мен сипатын түсіндіре алу мүмкіндігін қарастырады. Қисындық ұстанымнан алғанда болжам қандай да бір құбылысты түсіндіру үшін жасалатын ғылыми ұсынысты айқындайтын гипотезаның әртүрлілігі болып табылады. Болжам (латынша – versio – кейіпін өзгерту) – қандай да бір фактіні, құбылысты түсіндіру барысында бір бірінен ерекшеленетін түсіндірмелердің бірі. [Криминалистика: Криминалистическая тактика: Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «Центр деловой книги «Глобус», 2003. -432 с. С. 62]

өтініштерді есепке алу кітабы – қылмыстар, оқиғалар туралы тіркелген өтініштер және хабарламалар туралы мәліметтерді және олар бойынша қабылданған іс жүргізу шешімдерін қамтитын қатаң есептілік құжаты. [Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының 2011 жылғы 6 сәуіріндегі №26 «Қылмыстар, оқиғалар туралы

өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығының 2 бөлігі 8 тармағы]

құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді өсіру - апиын көкнәрі мен сораны (каннабисті), халықаралық Конвенцияларға сәйкес Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, құрамында есірткі бар басқа да өсімдіктерді егу және өсіру [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1 бабы]

мемлекеттік жауапты лауазымды атқаратын тұлғалар - Қазақстан Республикасының Конституциясында, конституциялық және басқа да заңдармен белгіленген мемлекеттік функциялар мен мемлекеттік органдардың өкілеттерін тікелей орындауды атқарушы тұлғалар, сондай-ақ осыған теңестірілген мемлекеттік қызмет заңына сәйкес мемлекеттік қызметші саяси лауазымдарын атқаратын тұлғалар [Қазақстан Республикасының 13 желтоқсан 2001 жылғы № 18 «Соттардың сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар бойынша қылмыстық істерді қарауы туралы» Нормативтік қаулысының 4 тармағы]

жеке кепілдік - сенімге ие болған адамдардың олар сезіктінің немесе айыпталушының өзін дұрыс ұстауына және олардың қылмыстық процесі жүргізуші органның шақыруы бойынша келетіндігіне кепілдік беретіндігі туралы жазбаша міндеттеме қабылдауы. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 145 бабы 1 бөлігі. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл]

бұзылуы, айырылуы немесе кемітілуі азаматқа моральдық зиян келтіруге әкеп соғатын мүліктік емес өзіндік құқықтар - азаматқа тумысынан немесе заңға сәйкес тиесілі және оның жеке басымен тікелей байланысты құқықтар мен игіліктер. Адамға тумысынан тиесілі игіліктерге өмір сүру, денсаулықты, ар-намысты, бостандықты, жеке басына қол сұқпаушылықты, ал құқықтарға - тұрғын үйіне немесе меншігіне қол сұқпаушылық құқығын, жеке өмірінің немесе отбасының құпиясын, телефон, телеграф хабарларының құпиясы мен хат алысу құпиясы құқығын; атын пайдалану құқығын; өз бейнесіне құқығын; интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне құқығын қорғау туралы заңнамаға сәйкес авторлық құқықты және мүліктік емес өзіндік құқықтарды; емін-еркін жүріп-тұру және тұратын жерін таңдау, нанымды ақпарат алу құқығын және республиканың заңнамалық актілерімен көзделген басқа да құқықтарды жатқызуға болады. [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусым N 3 «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Нормативтік қаулысының 3 тармағы]

локальдық желі - бір немесе бірнеше кәсіпорын немесе мекеменің компьютерлері бір бірінен алыс қашықтықта, көп жағдайда бір ғимаратта орналасқан (әдетте 10-20 шақырым) желі. [Сырбу А.В. Перехват сообщений в системе следственных действий: Учебное

пособие. — Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2007. — 106 с. С. 87.]

магистральдық құбыр - мұнайды мердігердің құбырынан көліктің басқа түріне аудару, өңдеу немесе тұтыну орнына дейін тасымалдауға арналған желілік бөліктен және онымен іргелес жатқан жер үсті объектілерінен, коммуникациялардан, телебасқару мен байланыстан тұратын инженерлік құрылыс. Құрастырмалы коллектор режимінде жұмыс істейтін құбыр магистральдық құбырға жатпайды. [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-III «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

істің материалдары - істің құрамдас бөлігі болып табылатын немесе оған қосу үшін ұсынылған құжаттар мен заттар; хабарлаулар, сондай-ақ іс бойынша жағдайды белгілеу үшін маңызы болуы мүмкін құжаттар мен заттар. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7 бабы 29 тармағы. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл].

материалдық жағдай - жалақының, зейнетақының, басқа да табыстардың болуы немесе болмауы; олардың мөлшері; мүліктің болуы; еңбек қабілетін жоғалту дәрежесі; отбасының басқа мүшелерінен материалдық көмек алуы немесе алмауы. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы N 321-І «Неке және отбасы туралы» Заңының 1 бабы]

медициналық-әлеуметтік оналту - науқасты жұмысқа тартуға, отбасылық және қоғамдық өмірге қосуға арналған медициналық, әлеуметтік шаралар мен еңбек шараларын кешенді түрде пайдалана отырып, науқастардың денсаулығын қалпына келтіру. [Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 96 «Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы» Заңының 1 бабы]

медициналық техника - аурулардың профилактикалық, диагностикалау, емдеу, медициналық сауықтыру, медициналық сипаттағы ғылыми зерттеулер үшін жекелеген, кешенді немесе жүйелі түрде медициналық мақсатта қолданылатын аппараттар, жабдықтар, аспаптар, құрылғылар, соның ішінде сериямен өндірілетін протездер мен импланттар. [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-III «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

медициналық құралдар мен аппараттар - диагностикалау, емдеу, алдын алу, қалпына келтіру және ғылыми мақсаттармен адам ағзасының жай-күйі туралы ұқсас және (немесе) цифрлық түрдегі ақпарат алуға, жинауға, талдауға және көрсетуге, мүшелердің, сондай-ақ жүйелердің бөлек немесе өзара үйлескен функцияларын түзетуге арналған медициналық техника. [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-III «Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

медициналық құрылғылар - мынадай:

ағзаның белгілі бір функционалдық жүйесіне немесе мүшесіне (мүшелер тобына) тұтастай немесе тандап ықпал етуге арналған қандай да бір түрінің энергиясын генерациялайтын;

адам мүшесі мен тініне механикалық ықпал етуге арналған аспаптарды іске қосатын; ағзаның белгілі бір функцияларын аурулардың алдын алу, оларды диагностикалау, емдеу, қалпына келтіру, сондай-ақ оларды түзету мақсатымен белгілі бір уақыт ішінде өзгертетін немесе қолдайтын медициналық техника. [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-III «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

медициналық тексеру - "нашақорлық" деген диагноз қою немесе оны теріске шығару мақсатында адамды стационарлық жағдайда тексеру. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1 бабы]

медициналық куәландыру - есірткіден мастану күйін анықтау мақсатында адамды амбулаториялық тексеру. Медициналық куәландыру құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жолдамасы бойынша, ал медициналық тексеру нарколог-дәрігердің жолдамасы бойынша жүргізіледі. Медициналық куәландырудан немесе медициналық тексеруден жалтаратын адам наркологиялық мекемеге әкелінуге тиіс. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1, 33 баптары]

бұлтартпау шаралары – жеке құқық пен еркіндікті шектеу, мүліктік кепілдік алу, жеке кепілдік, сондай-ақ айыпталушыны (сезіктіні) олардың тарапынан анықтаудан, алдын ала тергеу немесе соттан бой тасалауын болдырмау, істің объективті тергелуіне және сотта қаралуына кедергі келтірілмеу, қылмыстық әрекетпен айналысуын жалғастырмауы, сондай-ақ үкімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында бақылау, қарау арқылы заңда белгіленген тәртіппен сот өндірісін жүргізетін орган қолданатын процессуалдық мәжбүрлеу шаралары. [Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С. 262]

процессуалдық мәжбүрлеу шаралары – өкілеттіктері заңмен бекітілген сот өндірісін жүргізуші органдар және азаматтардың заңда белгіленген тәртіппен сезіктілерге, айыпталушыларға және қылмыстық процесстің басқа да қатысушыларына олардың қылмыстық істі шешуге және ойдағыдай тергеуге кедергі келтіретін құқыққа қарсы әрекеттерінің жолын кесу және жою, қылмыстық сот өндірісінің басқа да міндеттерін

орындау мақсатында қолданатын қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген мәжбүрлеу сипатындағы құрал. [Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С. 261]

лақтырылатын қару - нысананы тікелей зақымдайтын, құралы адамның бұлшық еті күшінің немесе механикалық құрылғының көмегімен бағыттталып, қозғалысқа түсетін қару. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңының 1 бабы; Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-III «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

жалған қорғану – бұл шындығында болмайтын қоғамға қауіпті қиянат елеске қарсы қорғану. Елестік қиянат – қорғанушы тұлғаның ахуалды бағалау кезінде қателесуінің нәтижесі. Қорғанушыға объективті зиян келтіру болмайды, алайда қорғанушы адамның санасында субъективті түрде болады. Жалпы алғанда, жалған қорғану барысында кешірімді қателік ретінде қорғанушының қиянаттың бар-жоқтығы мен оның қайнар көздерін байқауына жеткілікті негіздер бар қателесуі табылады. [Турецкий Н.Н. Необходимая оборона. Причинение вреда при задержании лица, совершившего посягательство. - Алматы: Издательство «Норма-К», 2003. 232 с. С. 48]

моральдық зиян - /1/ азаматтың құқық бұзушылық, оған тиесілі мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың кемітілуінен немесе олардан айырудан туындаған жан немесе тән азабы. [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусым N 3 «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 3 тармағы]

- /2/ адамның заңмен қорғалатын субъективтік құқықтары мен мүдделері, сондай-ақ нәтижесінде осы адамға рухани қиналыс келтірілетін басқа да игіліктері қылмыстық қиянат, осыған тең қылмыстық процессті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері нәтижесінде рухани қиналуды келтірумен айқындалатын адамның дұрыс психикалық жағдайының, көңілінің бұзылуы [Бачури С.Н. Компенсация морального вреда реабилитированным гражданам и потерпевшим от преступлений по законодательству Республики Казахстан: Монография. – Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2008. – 152 с. С. 55.]

теңіздегі қарсылық - кеме жүзіп бара жатқан немесе тұрған кезеңде орын алған оқиға туралы кеме капитанының дәлелдемелерді қамтамасыз ету мақсатында кеме иесіне мүліктік талаптар қоюға негіздеме бола алатын мәлімдемесі [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-III «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

әскери бөлімдер командованиесінің әскери қызметшілер немесе оқу жиынына шақырылған әскери міндеттілер болып табылатын сезіктілерді, айыпталушыларды байқауы - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен Ішкі әскерлерінің

жарғыларында көзделген және ол адамдардың тиісті мінез-құлқы мен олардың қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуін қамтамасыз етуге тиісті шаралардың қолданылуы. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 146 бабы 1 бөлігі. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл].

адамның әрекетінің ниеті - әрекеттің жеке мәнін түсіну, тиісті ниетті қанағаттандыру үшін белгілі бір қатынасты түсіну. [*Пралиева Г.К.* Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 98]

марапаттық қару - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының азаматтары алған қару. Қазақстан Республикасының азаматтары шет мемлекеттер басшыларының, шет мемлекеттер үкіметтерінің басшылары мен мүшелерінің марапаттау құжаттары негізінде марапаттық қару алуы мүмкін. Түйдектете атуға мүмкіндік беретін, сыйымдылығы 10 патроннан асатын оқжатары (барабаны) бар, сондай-ақ осы Заңмен Қазақстан Республикасы аумағында айналымға тыйым салынған қару марапаттық қаруға жатпайды. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңының 24 бабы]

жаза – мүгедек немесе әлеуметтік топ жіберген кінәліліктің, құқықтық бұзудың нәтижесі болып табылатын және олардың мүмкіндіктерін шектеу немесе әлеуметтік мәртебесін төмендету мен айқындалатын теріс әлеуметтік сипаттағы санкция [*Пралиева Г.К.* Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 351]

мүлікке тыйым салу - оның меншік иесіне немесе иеленушісіне оған билік етуге, ал қажет жағдайларда бұл мүлікті пайдалануға тыйым салуды жариялау не мүлікті алу және оны сақтау. Үкімді азаматтық талап, басқа да мүліктік жазалар немесе мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатында прокурордың санкциясымен анықтаушы, тергеуші немесе сот сезіктінің, айыпталушының немесе заң бойынша олардың әрекеті үшін материалдық жауаптылықта болатын адамдардың мүлкіне тыйым салуға құқылы. Осы Кодекстің 232-бабының 3 бөлігінде көзделген жағдайларда мүлікке тыйым салу прокурордың санкциясынсыз, бірақ жиырма төрт сағаттың ішінде оған мүлікке тыйым салу жүргізілгені туралы хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 161 бабы 2 бөлігі. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл]

есірткі бизнесі – есірткі заттарды өндіру және сатумен байланысты қылмыстар жиынтығымен айқындалатын ұйымдасқан қылмыстық әрекеттердің бірі. Мұндай қылмыстарға келесілер жатады: есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату; есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтынуға бейімдеу; жоғарыда аталған құралдар мен заттарды және т.с.с. тұтыну үшін қорда ұйымдастыру және ұстау. [*Григорьев В.И.* Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 60]

нашақорлық - организмнің физикалық және психикалық функцияларының қатты бұзылуына әкеп соқтыратын есірткі немесе психотроптық заттарға не сол тектестерге тәуелді болуға байланысты ауру. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1 бабы]

есірткілер - есірткі немесе психотроптық заттар ретінде жіктелген, оларды теріс пайдаланғанда туындауы мүмкін зардаптарына байланысты халықтың денсаулығы үшін ықтимал қаупі бар, Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген өсімдіктер, заттар немесе препараттар. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1 бабы]

есірткі заттар - Қазақстан Республикасының заңнамасына, 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер жөніндегі 1972 жылғы Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулерімен қоса 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1 бабы]

өрт қауіпсіздігінің талаптарын бұзу - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды, ережелер мен нұсқауларды орындамау немесе тиісінше орындамау. [Қазақстан Республикасының 29 желтоқсан 2006 жылғы № 209-III «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

адам өмірі мен денсаулығына қауіпті емес зорлық-зомбылық - жәбірленушіге тән ауыртпалығын келтірумен байланысты, денсаулығының аз уақытқа бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін уақытша тұрақты жоғалтуға әкеп соқтырмаған, ұрып-соғу немесе басқа да күш қолдану әрекеттері. [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 23 тармағы]

адам өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылық – бұл сараптама арқылы анықталатын жәбірленушінің денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқтырған, сондай-ақ денсаулығының аз уақытқа бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін уақытша тұрақты түрде жоғалтуға әкеп соқтырған денсаулыққа жеңіл зиян келтірген зорлық-зомбылық. [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының

2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 23 тармағы]

ғылыми-техникалық құралдар - дәлелдерді анықтау, көрсету, алу және зерттеу үшін заңды түрде қолданылатын аспаптар, арнаулы жабдықтар, материалдар. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7 бабы 40 тармағы. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл]

тергеу бөлімінің бастығы - алдын ала тергеуді немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді жүзеге асыратын органның тергеу бөлімшесінің бастығы мен өз құзыреті шегінде іс-әрекет жасайтын оның орынбасарлары. Тергеу бөлімінің бастығы тергеу ісін жүргізуді немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді тергеушіге тапсырады, тергеушілердің жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша олардың дер кезінде іс-әрекет жасауына, тергеушілердің алдын ала тергеу және күзетпен ұстау мерзімдерін сақтауына, прокурор нұсқауларының, осы Кодексте белгіленген жағдайларда басқа да тергеушілер тапсырмаларының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады; істер бойынша нұсқаулар береді; алдын ала тергеу жүргізуді бірнеше тергеушіге тапсырады; заңда көзделген жағдайларда тергеушіні іс бойынша іс жүргізуден шеттетеді; өз құзыреті шегінде өзіне бағынысты алдын ала тергеуді жүзеге асырушы органның бір тергеу бөлімшесінен қылмыстық істі алады және алдын ала тергеуді жүзеге асырушы сол не өзге де өзіне бағынысты органның басқа тергеу бөлімшесіне береді; аяқталған қылмыстық істерді прокурорға жолдайды. Тергеу бөлімінің бастығы қылмыстық іс қозғауға, қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне алуға және бұл орайда тергеушінің өкілеттігін пайдалана отырып, жеке-дара алдын ала тергеу жүргізуге немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуге құқылы. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 63 бабы 1,2 бөліктері. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл]

құпия қызметкер - құпия негізде жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдармен жұмыс істесуге тартылған тұлға. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 61]

жылжымайтын мүлік (жылжымайтын заттар, жылжымаушы) - жермен тығыз байланысты жер телімдері, сондай-ақ құрылыстар мен басқа да мүліктер, яғни жылжуы олардың мақсаты бойынша сәйкессіз шығынсыз мүмкін емес объектілер. [Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрінің м.а. 06 қазан 2005 жылғы № 590, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 18 қараша 2005 жылғы №56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 22 қазан 2005 жылғы № 187 және Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігі (қаржы полициясы) Төрағасының 07 қазан 2005 жылғы № 241 «бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамауда ұстау туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» бірлескен бұйрығымен бекітілген бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану туралы Нұсқаулықтың 2 бөлігі]

қабілетсіздік - психикасының ауыруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан азаматтардың өз іс-әрекеттерінің мәнін түсіне алмауы немесе оған басшылық ете алмауын

соттың анықтауы. [Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 96 «Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы» Заңының 1 бабы]

заңсыз кіру - бұл тұрғын үйге, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға ұрлық, тонау немесе қарақшылық жасау мақсатында жасырын немесе ашық кіру екені түсіндірілуге тиіс. Заңсыз кіру кінәлі адам аталған үй-жайларға кірмей-ақ техникалық құралдар мен өзге де құралдарды пайдаланып ұрланатын заттарды алған кезде де орын алады. Егер кінәлі адам жәбірленушінің немесе мүлік күзетуінде тұрған адамның өз еркімен келісім беруімен, туысқандық қатынастарға, таныстыққа және басқа мән-жайларға байланысты тұрғын үйге, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға кіріп, оның бөтеннің мүлкін заңсыз иемденіп алу ниетімен көрсетілген үй-жайларға кіргеннен кейін пайда болса, бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену заңсыз кіру белгілерімен дәрежеленбейді. [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 13 тармағы]

есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымы - Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырылатын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1 бабы]

қажетті қорғану - /1/ бұл қиянат жасаушыға зиян келтіру арқылы қоғамдық қауіпті қиянаттан құқыққа сәйкес қорғану әрекеттері. Қажетті қорғану қылмыспен күресудің сенімді құралы болып табылады. Бұдан басқа, қажетті қорғанудың елеулі профилактикалық рөлі бар: қиянат жасаушының өзіне дене және материалдық зиян келтірілу арқылы кері соққы болуы мүмкіндігін түсінуі олардың көпшілігінің қылмыс жасаудан бас тартуына ықпал етеді. Бұл институт азаматтарды бірінші кезекте басқа адамдардың құқықтары мен міндеттерін құрметтеуге және азаматтық міндетті түсінуін қалыптастыруға ықпал етеді. Міне сондықтан да қажетті қорғану қоғамдық пайдалы әрекет болып табылады. Қажетті қорғану құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген (13 бап) [Нуржаубаева К.И. Соблюдение законности и организация прокурорского надзора при возбуждении дела, отказе в нем и прекращении производства по уголовному делу (методическое пособие). - Алматы. Данекер, 2002. - 120с. С. 56]

/2/ Қорғанушының, басқа адамдардың жеке басы мен құқықтарын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттік заңмен қорғалатын мүдделерін қиянат жасаушыға зиян келтіру арқылы қоғамға қауіпті қиянаттан құқыққа сәйкес қорғау. [Турецкий Н.Н. Необходимая оборона. Причинение вреда при задержании лица, совершившего посягательство. - Алматы: Издательство «Норма-К», 2003. 232 с. С. 29]

қылмыстардың бірнеше рет жасалуы – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі

немесе одан да көп әрекетті жасау. Қылмыстардың әлденеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтыратын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда адамның жасаған қылмысы осы Кодекстің Ерекше бөлімінің қылмыстарды бірнеше мәрте жасағаны үшін жазалауды көздейтін бабының тиісті бөлігі бойынша айқындалады. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 11 бабы 1,5 бөлігі]

тұлғаның өз әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) нақты сипатын түсінуге қабілетсіздігі – тұлғада өзі жасаған әрекеттің нақты жағдайын түсіну қабілетінің болмауы, оның жасалған әрекет пен келтірілген зардаптың арасындағы себепті байланысты түсінбеуі. Интеллектуалдық белгінің басты негізгі мазмұны – тұлғаның жасалған әрекеттің әлеуметтік мағынасын, оның қоғамға қауіпті сипатын түсіну қабілетсіздігінен тұрады. [Нуржаубаева **К.И.** Соблюдение законности и организация прокурорского надзора при возбуждении дела, отказе в нем и прекращении производства по уголовному делу (методическое пособие). - Алматы. Дәнекер, 2002. -120с. С. 47]

өндірістегі жазатайым оқиға - өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындау кезінде қызметкердің жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы салдарынан оның еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айрылуына, кәсіби ауруға шалдығуына не өліміне әкеп соқтырған өндірістік фактордың әсері. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

мұнай-газ құбырлары - мұнай тасымалдауға арналған құбырлар, оның ішінде магистральдық құбырлар, құрастырмалы коллектор режимінде жұмыс істейтін құбырлар, сондай-ақ құбырлар жүйесі не оның жекелеген бөліктері арқылы тасымалданатын заттарды тазарту, айыру және сұйылту жөніндегі жабдықтар мен тетіктер, бақылау және оқшаулау жүйелері, электрлі-химиялық қорғаныс жүйелері мен осындай құбырларға қызмет көрсетуге арналған өзге де жабдықтар. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

құқық нормасы (құқықтық норма) - нормативтік құқықтық актіде тұжырымдалған, көп мәрте қолдануға арналған және нормативтік реттелген ахуал шеңберінде барлық тұлғаларға қолданылатын жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы 10 тармағы]

нормативтік құқықтық акт - референдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттің лауазымды адамы қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы 11 тармағы]

түнгі уақыт - жергілікті уақыт бойынша сағат жиырма екіден алтыға дейінгі уақыт аралығы. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7 бабы 43 тармағы. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл]

азаматтың жан азабы - адамның кемсітуге, ызалануға, түңілуге, ашуға, ұятқа, қажуға, жайсыздыққа және т.б. байланысты басынан кешіретін эмоциялық-өзіндік жан күйзелісі сезімдері. Мұндай сезімдер тікелей жәбірленушінің өзіне немесе оның жақын туыстарының (ата-анасының, жұбайының, баласының, бауырының, апа-сіңлісінің) өмірі мен денсаулығына құқыққа қайшы қол сұғуға; бас бостандығынан заңсыз айыруға немесе шектеуге не емін-еркін жүріп-тұру құқығынан заңсыз айыруға; денсаулығына зиян келуінің нәтижесінде, оның ішінде бет әлпетіне адам танымастай болып жарақат пен сызаттың түсуінің салдарынан алғашқы бейнесінен айырылуына байланысты белсенді еңбек ету және қоғамдық қызметті жалғастыру мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуға; отбасылық, жеке және дәрігерлік құпияның ашылуына; хат-хабар алмасу, телефон мен телеграф ақпараты құпиясының бұзылуына; азаматтың қадір-қасиеті мен арнамысына кір келтіретін, шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратуға; өз атына, өз бейнесіне құқықтарының бұзылуына; авторлық және аралас құқықтарының бұзылуына және т.б. байланысты болуы мүмкін. [Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусым N 3 «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Нормативтік қаулысының 3 тармағы]

айыпталушы - /1/ өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, немесе өзіне қатысты сотта жеке айыптау ісі бойынша қылмыстық іс қозғалған, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған және бекіткен не тергеуші сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған адам. Сотқа берілген айыпталушы - сотталушы, өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы, - сотталған адам, өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы, - ақталушы деп аталады. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 69 бабы 1 бөлігі. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл]

- /2/ өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, немесе өзіне қатысты сотта жеке айыптау ісі бойынша қылмыстық іс қозғалған, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған және бекіткен не тергеуші сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған адам. [Қазақстан Республикасының 30 наурыз 1999 жылғы № 353-І «Қылмыс жасаған сезіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстаудың тәртібі мен жағдайлары туралы» Заңының 2 бабы]

сезіктіге (айыпталушыға) өзін қорғау құқығын қамтамасыз ету – сезіктінің (айыпталушының) ҚІЖК-де көзделген тәртіппен жеке өзі немесе қорғаушының, заңды өкілінің көмегі арқылы қорғануды жүзеге асыруы бойынша шаралар кешені. [Мазур **Н. В.**

Адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учеб. пос. - Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2006. - 144 с. С. 114]

жалаңаштандыру – бастапқыда киіммен жасырынған дене бөлшектерін ашу. [Ширинских Д.А., Турганов А.О. Производство осмотра живого лица в уголовном процессе Республики Казахстан. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуіндегі тірі адамға тексеру (қарау) жүргізу. Учебное пособие. — Караганда: КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2009. – 45 с., С. 4]

есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы - құрамында есірткі бар өсімдіктерді егуге, жинауға және дайындауға, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеуге, өндіруге, өндеуге, әкелуге, әкетуге, транзиттеуге, тасымалдауға, жөнелтуге, сатып алуға, сақтауға, бөлуге, сатуға, пайдалануға, жоюға байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес рұқсат етілген және бақылау жасалатын қызмет түрлері. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңының 1 бабы]

қару айналымы - қаруды өндіру, құрастыру, қайта жасау, өткізу (сауда жасау), беру, сыйға тарту, марапаттап беру, мұраға қалдыру, иемденіп алу, коллекциялау, экспонаттау, есепке алу, сақтау, алып жүру, тасу, пайдалану, алып қою, жою, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және оны Қазақстан Республикасының аумағынан әкету. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңының 1 бабы; Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы - қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әзірлеушіден және (немесе) өндірушіден тұтынушыға дейін жеткізу процесінде жүзеге асырылатын қызмет. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

іске маңызы бар жағдайлар – қылмыстық іс жүргізудің міндеттерін шешуге мүмкіндік туғызатын зерттеулер қорытындылары (мысалы, жағымсыз жағдайлар: объектіні сипаттайтын және олардың ары қарай теңестіруге мүмкіндік туғызатын белгілер).[Ширинских Д.А., Турганов А.О. Производство осмотра живого лица в уголовном процессе Республики Казахстан. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуіндегі тірі адамға тексеру (қарау) жүргізу. Учебное пособие. — Караганда: КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2009. – 45 с., С. 3]

қылмыстардың жалпы профилактикасы – қылмыстардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, оларды жою бойынша шаралар жасау және жүзеге асыру. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 61]

қоғамдық тәртіп – тұлғаға, оның ар-намысына, қасиетіне және азаматтардың басқа да құқықтарына қол сұқпаушылықты, барлық меншік түрін қорғауды, қоғамдық орындарда тыныштықты, мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің дұрыс жұмыс істеуі үшін жағдайлар туғызуды, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ету мақсатындағы арнайы нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар жүйесі. Заң әдебиетінде қоғамдық тәртіп кең және тар мағынада қарастырылады. Кең мағынада – мемлекетте нақты әлеуметтік-экономикалық формацияда қалыптасатын барлық қоғамдық қатынастардың жинағы. Тар мағынада – қоғамдық тәртіптің түсінігі қоғамдық қатынастардың барлығын қамтымайды, тек олардың ішіндегі қоғамдық орындарда пайда болатын және дамитын қатынастардан тұрады. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 61-62]

түсіндіру - процеске қатысушылар мен мәлімдеушілердің өзінің дәмесін немесе өздері өкілі болған адамдардың дәмесін негіздеу үшін келтірілген ауызша немесе жазбаша дәйектемесі. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7 бабы 37 бөлігі. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл]

атыс қаруы - оқ дәрі немесе өзге де заряд қуатының әсері нәтижесінде ұңғы оқпанынан оқты, снарядты, гранатаны ұшырып шығаратын қару [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңының 1 бабы; Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

қорғалатын адам туралы мәлімет алуға шек қою - қылмыстық істің материалдарынан адамның анкеталық деректері туралы мәліметтерді алу, оны негізгі іс жүргізуден бөлек сақтау, бұл адамдардың бүркеншік ат пайдалануы. Негізгі іс жүргізуден оқшауландырылған материалдармен танысу үшін қылмыстық процесті жүргізуші органға ғана рұқсат етіледі. Процеске басқа қатысушылар онымен осы мәліметтерді жарияламау туралы қолхат бере отырып қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатымен ғана таныса алады. Қорғалатын адамның қатысуымен іс жүргізу әрекеттері қажет жағдайларда оны тануды болдырмайтын жағдайларда жүргізіледі. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 100 бабы 3 бөлігі. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл]

шектеу іс-шаралары - жануарлар ауруының таралуына жол бермеу және індет ошағы мен қолайсыз пунктте ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізу мақсатында шаруашылық байланыстарды ішінара шектеуге және мемлекеттік

ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің орнын ауыстыруды тоқтата тұруға бағытталған ветеринариялық, әкімшілік-шаруашылық іс-шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

оңаша камера - толық және қатаң оқшаулау мақсатында қамауға алынған бір адамды ұстауға арналған арнайы бөлме. [Қазақстан Республикасының 30 наурыз 1999 жылғы №353-І «Қылмыс жасаған сезіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстаудың тәртібі мен жағдайлары туралы» Заңының 2 бабы]

қауіпті жүктер - өзінің қасиеттері мен ерекшеліктеріне қарай тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде жарылыстың болуына, өрттің шығуына немесе техникалық құралдардың, құрылғылардың, үйлердің, құрылыстардың және ғимараттардың зақымдануына, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына немесе ауруға шалдығуына себеп болуы, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін жүктер. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайы - белгілі бір өндірістік факторлардың әсері қызметкердің еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне немесе сырқаттануына әкеп соқтыратын еңбек жағдайлары. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

қауіпті қалдықтар - зиянды заттарды қамтитын және қауіпті қасиеттері бар (уыттылық, жарылыс қаупі, өрт қаупі, жоғары реакциялық қабілеті бар) не адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін жеке тұрғанда немесе басқа заттармен өзара әрекетке түскен кезде қауіп төндіруі мүмкін қалдықтар. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

қауіпті өндірістік фактор - әсерін тигізуі қызметкердің еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе мүлдем айрылуына (еңбек жарاقاتына немесе кәсіби ауруына) немесе өліміне әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

қорғаншылық (қамқоршылық) - кәметке толмағандардың және сот әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеттілігі шектеулі) деп таныған адамдардың құқықтары мен

мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы N 321-І «Неке және отбасы туралы» Заңының 1 бабы]

психикалық науқасқа қорғаншылық - психикасының ауыруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған адамды қорғау нысаны. [Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 96 «Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы» Заңының 1 бабы]

қорғаншы (қамқоршы) - қорғаншылық пен қамқоршылық жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған адам. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы N 321-І «Неке және отбасы туралы» Заңының 1 бабы]

жедел ахуал – құқық бұзушылықтың жолын кесу және ашу бойынша іс-шараларды дұрыс ұйымдастыру мақсатында зерделеуге және есепке алуға жататын жағдайлар мен мән-жайлардың жиынтығы. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 62]

жедел-іздістіру қызметі - азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қылмысты қол сұғуынан, сондай-ақ барлау-бүлдіру әрекетінен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел-іздістіру, ұйымдық және басқару шараларының ғылыми негізделген жүйесі. Жедел-іздістіру қызметі заңдылық, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қадір-қасиетін құрметтеу, азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидаттарына сәйкес, астыртын әрекет ету, жария және жария емес әдістерді ұштастыру, кәсіби әдеп негізінде жүзеге асырылады. [Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңының 1, 3 баптары]

жедел-іздістіру шаралары - бұл жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың өз құзыреті шегінде келесі міндеттерді, яғни: азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін және меншікті (нысандарына қарамастан) заңға қарсы қол сұғулардан қорғау; қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық әлеуеті мен қорғаныс қабілетін нығайтуға жәрдемдесу; қылмыстарды анықтау, алдын алу, болдырмау және ашу; жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынған, қылмыстық жазадан жалтарған адамдарды, хабар-ошарсыз кеткен азаматтарды және заңмен көзделген реттерде басқа да адамдарды іздістіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру; шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің барлау-бүлдіру әрекетін анықтау, алдын алу және болдырмау; Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа күзетілуге тиіс адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; мемлекеттік шекараны күзетуді қамтамасыз

ету; мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпия мағлұматтардың сақталуын қамтамасыз ету; коммерциялық құпияны қорғауда кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға (меншік нысандарына қарамастан) жәрдемдесу; бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық-атқару заңдарымен белгіленген режимді қолдау; жедел-іздігіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекеттері. [Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі «Жедел-іздігіру қызметі туралы» Заңының 2, 11 баптары]

қылмыстық процесті жүргізуші орган - сот, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша істі сотқа дейін жүргізу кезінде прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушы. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7 бабы 10 тармағы. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл]

анықтау органы – белгіленген құзыреті шегінде қылмыстық іс жүргізуді жүзеге асыруы секілді тергеушінің құқықтары берілген, сондай-ақ алдына қойылған басқа да функциялар мен міндеттерді орындаушы заңда белгіленген мемлекеттік орган. [Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С. 260]

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары - жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұратын орын беріп, олардың тәрбиеленуіне, білім алуына қолайлы жағдай жасалатын білім беру жүйесінің ұйымдары болып табылады. Білім беру ұйымдары мынадай түрде құрылуы мүмкін: жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат; сәбилер үйі; жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйі; жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кемтар балаларға арналған балалар үйі; отбасы үлгісі бойынша балалар үйі; отбасылық үлгідегі балалар үйі; "балалар үйі-мектеп-кәсіптік мектеп" кешені; отбасылық үлгідегі балалар ауылы; жастар үйі; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың уақытша болуына арналған орталық (баспана) және басқалар. Білім беру ұйымдары мемлекеттік, жеке меншік болуы мүмкін. Білім беру ұйымы заңды тұлға болып табылады, оның оқшауланған мүлкі, өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкте шоты болады. Білім беру ұйымы тәрбие бағдарламасын тәрбиеленушілердің психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың денсаулығын сақтау, құқықтары мен мүдделерін қорғау талаптарына сәйкес дербес әзірлейді. [Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 59 «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы» Қаулысының 2-4 тармақтары]

экстремистік іс-әрекеттер ұйымдастыру - экстремистік іс-әрекеттерге басшылық ету, экстремизмді қаржыландыру, экстремистік мақсатта адамдарды тарту, құралдар мен қарулар жасау және алу, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктерінің экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдай жасауға

бағытталған басқа да іс-әрекеттері. [Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31-III «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1 бабы] **ұйымдасқан қылмыс** - /1/ әдетте, кәсіби негізде жүзеге асырылатын, құқық қорғау органдары тарапынан жасалатын бақылаудан, соның ішінде сыбайлас жемқорлықтың көмегі арқылы қорғалатын, тұрақтылығы және басқарушылығымен сипатталатын қылмыстық әрекеттің түрі. Қылмыстың осы түрі ұйымдасқан қылмыстық топтармен немесе бірлестіктермен жасалады. (ҚР ҚДЖК-нің 234-240 баптарын мұқият қараңыз). [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 63]

- /2/ қоғамдық санаға теріс ықпал жасайтын, заңдылық пен құқық тәртібін әлсірету арқылы мемлекеттік басқару органдары жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін бұзатын, өздеріне тиесілі өзара байланыстылығы мен тәуелділігі, қатаң тәртібі бар ұйымдасқан және тұрақты қылмыстық топтардың немесе бірлестіктердің жоғары деңгейдегі әрекеттері. [Токсанбаев А.Б. Интерпол и международный терроризм: проблемы, тенденции развития и противодействие: Монография. - Алматы: ОФПШ «Интерлигал» в Казахстане, 2004. - 304 с. С.84.]

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздігіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкім етушілік функцияларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік органдар. [Қазақстан Республикасының 1995 ж. 21 желтоқсандағы N 2707 «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 1 бабы]

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары - Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын және өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жеке адамның және қоғамның қауіпсіздігін, елдің конституциялық құрылысын, мемлекеттік егемендігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды қамтамасыз етуге арналған Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік органдар. [Қазақстан Республикасының 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2710 «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Заңының 1 бабы]

құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет және оның аймақтық органдары. [Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 938ца «Құқықтық статистикалық ақпаратты ұсыну бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығының 3 тармағы]

сот сараптамасы органдары – заңда белгіленген тәртіппен сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар. [Қазақстан Республикасындағы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-IV «Сот-сараптама қызметі туралы» Заңының 1 бабы]

қылмыстық ізге түсу органдары - прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7 бабы 14 тармағы. Ақмола, № 206-І, 13 желтоқсан 1997 жыл]

ордер – нақты қылмыстық істі жүргу үшін адвокаттың құзыретін растайтын және заң кеңесі немесе адвокаттық кеңсе беретін қатаң есеп беру құжаты. [*Мазур Н. В.* Адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учеб. пос. - Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2006. - 144 с. С. 114]

қару - конструкциялық жағынан алғанда тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ белгі беруге арналған құрылғылар мен заттар. [Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңының 1 бабы; Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

жаппай қырып-жоятын қару - химиялық, бактериологиялық (биологиялық), радиологиялық және ядролық қару. [Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 24 қараша N 105-ІІ «Қару-жараққа, әскери техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы]

өзін-өзі қорғау қаруы - тегіс ұзын ұңғылы, оның ішінде, жарақат салып әсер ететін патрондары бар атыс қаруы; жарақат салатын, газбен және сәулелі дыбыспен әсер ететін патрондары бар ұңғысыз атыс қаруы; газды қару - газ пистолеттері, револьверлер және олардың патрондары, оның ішінде жарақат салып әсер ететіндері, механикалық тозандатқыштар, аэрозолды және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қолдануға рұқсат еткен көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған басқа да құрылғылар. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

қуәландыру - /1/ - сот-медициналық сараптама жүргізу қажет болмаған жағдайда айыпталушының, сезіктінің, қуәның немесе жәбірленушінің денесінде қылмыс іздерін немесе ерекше белгілердің бар-жоқтығын анықтау үшін жүргізілетін тергеу іс-әрекеті. [*Пралиева Г.К.* Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 172]

• - /2/ мақсаты мен класын растау арқылы кемеңнің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған оның белгіленген техникалық жай-күйіне және кеме жүргізу Регистрі ережелерінің талаптарына сәйкес күйін анықтау мақсатында кемеге тексеру /қарау/ жүргізу. [Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N

209 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1 бабы]

тексеру /қарау/ жүргізілетін тұлға – қылмыс ізін, не өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ іс үшін маңызы бар жағдайлардың болуын шамалауға байланысты, зертеуге, өкілетті тұлғамен өз еркімен немесе мәжбүрлеп тап болған кез келген тірі жеке тұлға. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуіндегі тірі адамға тексеру (қарау) жүргізу. Оқу құралы. — Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов ат. ҚарЗИ, 2009. – 45 б., б. 3]

тексеру /қарау/ – қылмыс ізін, қылмыстық іс үшін маңызы бар объектілерді, олардың белгілерін, қасиеттерін, жағдайын және өзара орналасуларын, ғылыми техникалық құралдар мен сезім органдарының көмегімен анықтауға және зерттеуге бағытталған өкілетті тұлғаның танылатын әрекеті. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуіндегі тірі адамға тексеру (қарау) жүргізу. Оқу құралы. — Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов ат. ҚарЗИ, 2009. – 45 б., б. 3]

- /2/ өкілетті тұлғаның объектіні қауіпсіз қолдануға бағытталған және сол объектіні заң талаптарына сәйкестігін тексеру. [Қазақстан Республикасының 2006 жылы 29 желтоқсанда қабылданған Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы № 209-ІІІ Заңы]

тірі адамға тексеру /қарау/ жүргізу – тергеулік тексеру түрлерінің бірі болып табылатын, адам оның объектісі болатын, қылмыс ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ іс үшін маңызы бар жағдайларды айқындау тергеу әрекеті (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 221 б. 1 б). Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуіндегі тірі адамға тексеру (қарау) жүргізу. Оқу құралы. — Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов ат. ҚарЗИ, 2009. – 45 б., б. 3]

оқиға болған жерді қарау - /1/ бұл оқиға болған жердің жағдайын, қылмыс іздерін, қылмыскер іздерін және басқа да белгілерді анықтауға, зерттеуге, тіркеуге бағытталған, сонымен қатар, іске қатысты басқа да дәлелдемелердің жиынтығымен тергеліп жатқан қылмыстың механизмі туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік беретін алғашқы тергеу әрекеті [Криминалистика: Криминалистическая тактика: Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «Центр деловой книги «Глобус», 2003. -432 б. б. 107]

/2/ оқиғаны тергеу барысында іске маңызды оқиға болған кеңістікті және ол жердегі іздерді, материалдық объектілерді табу, тікелей зерттеу [*Пралиева Г.К.* Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 б. б. 161.]

бойынша ғана мүмкін болады [ҚР ҚДЖК 147б. 1,2 бөл. Акмола, 13 желтоқсан 1997 жыл № 206-І]

қылмыстық іс қозғауға негіз — қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге мүмкіндік бермейтін жағдайлардың болмауы барысында, қылмыс құрамын көрсететін жеткілікті мәліметтердің бар болуы. [ҚР ҚДЖК 177б. 2 бөл. Акмола, 13 желтоқсан 1997 жыл № 206-І]

қылмыстық жауаптылықтың негізі — Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрсетілген қылмыстың жасалуы, яғни, қылмыс құрамының барлық белгілерін қамтитын әрекет. Ешкім де бір қылмыс үшін екі рет жауаптылыққа тартыла алмайды. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 3б.]

экономикалық қылмыстармен күресте заңдардың қолданылуын қадағалаудың негізгі міндеттері — кәсіпкерлік қызметке бөгет жасайтын жемқор мемлекеттік қызметкерлерді анықтауды, заңсыз әрекеттердің салдарынан келтірілген зиянды өтеуді қылмысты қудалау органдарымен қамтамасыз ету. [Тергеу мен анықтаудың заңдылығына қадағалауды ұйымдастыру жөнінде Нұсқаулықты бекіту туралы ҚР Бас Прокурорының Бұйрығы 53п.]

қылмыстар мен оқиғалар туралы хабарламаларды, ақпараттарды, шағымдарды, арыздарды тіркеу және қарау барысында заңдылықты сақтауда қадағалаудың негізгі мақсаттары - қылмыстар мен оқиғалар туралы хабарламаларды, ақпараттарды, шағымдарды, арыздарды тіркеу және қарау барысында заңдылықты сақтау туралы нормативтік актілерді қылмыстық ізге түсі органдарымен дұрыс қолдану; шығарылған іс жүргізулік шешімдердің заңдылығын және статистикалық мәліметтердің толықтығын, объективтігін қамтамасыз ету [4 қаңтар 2006 жыл №1 Тергеу мен анықтаудың заңдылығына қадағалауды ұйымдастыру жөнінде Нұсқаулықты бекіту туралы ҚР Бас Прокурорының Бұйрығы 39п.]

аса қауіпті зиянды организмдер — Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген аса қауіпті зиянды организмдер тізіміне енген, экологиялық және экономикалық зиян келтіретін, көбеюге және көпшілікке таралуға қабілетті өсімдіктердің аурулары мен зиянкештер [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 1б.]

кәмелетке толмағанды ата-анасының, қамқоршыларының, қорғаншыларының немесе басқа да сенімге ие адамдардың, сондай-ақ ол тұрып жатқан арнаулы мекеме әкімшілігінің қарауына беру - аталған адамдардың біреуінің кәмелетке толмағанның тиісті мінез-құлқы мен оның қылмыстық процесі жүргізуші органның шақыруы бойынша келуін қамтамасыз етуді, соның ішінде оның үйден тыс жерде болуын шектеуді, қылмыстық процесі жүргізетін органның рұқсатынсыз басқа жерге кетуіне жол бермеуді мойнына алуы және жазбаша міндеттеме қабылдауы. Кәмелетке толмағанды ата-анасының және басқа да адамдардың қарауына беру тек олардың жазбаша өтініші

үндеу - вид обращения, посредством которого граждане реализуют свое отношение к проводимой государством внутренней и внешней политике, а также явлениям и событиям общественной значимости [Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің органдарында, ұйымдарында азаматтардың өтініштерін қарау және оларды қабылдауды ұйымдастыру тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 21 тамыздағы N 626 бұйрығы]

ашық ұрлау — жәбірленушінің немесе мүлікті күзетіші тұлғаның көзінше мүлікті ұрлау, немесе басқа да адамдардың заңсыз әрекетті көріп тұрғандығын ұғына отырып оларды елемей аталмыш қылмысты жасауы. Сонымен қатар, көзі көрген адамдар жасалып жатқан қылмыстың алдын алуға әрекет жасағандығы маңызды емес. [Ұрлау туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы, 2003 жыл 11 шілде, №8 5п.]

дәлелдемелердің қатыстылығы — жағдайлар мен фактілік мәліметтердің мазмұнымен байланысы бар, яғни дәлелденуге жататын істің дұрыс шешілуіне маңызды болып табылатын дәлелдемелердің қасиеті [*Оспанов С.Д.* Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С. 263]

құжаттардың қатыстылығы — іс бойынша дәлелденуге жататын жағдайлармен маңызды және қажетті байланыста тұратын, өзіндегі ақпараттары жарамды құжат [*Царева Н.П.* Документы-доказательства в уголовном судопроизводстве. - М.: "Приор-издат", 2003. - 160с. С. 150]

нормативтік құқықтық актінің ресми басылуы — жалпыға ақпарат үшін ресми және кезеңдік басылымдарда нормативтік құқықтық актінің толық мәтінінің басып шығарылуы [Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілері туралы» 24 наурыз 1998 жылғы № 213-І Заңы 1 бап 14п.; Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы 1бап]

теміржол көлігінің қорғалатын аумақтары — теміржол көлігінің қауіпсіз тасымалдауы, сақталуы үшін, теміржол объектілерінің, құралдарының тұрақтылығы мен бекемділігі үшін қажет болып табылатын жер учаскелері [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы 1бап]

дәлелдеме құжаттарды бағалау — қылмыстық істі шешу үшін қатыстылығы, рұқсат етушілігі, шынайылығы, толықтығы жағынан анықтаушының, тергеушінің, прокурордың

және соттың ішкі сенімі арқылы ойлау қабілеті нысанымен бағаланатын ҚДЖК нормаларындағы негіздер [*Царева Н.П.* Документы-доказательства в уголовном судопроизводстве. - М.: "Приор-издат", 2003. - 160с. С. 150]

куә айғақтарын бағалау — оқиғаның дұрыстығын көрсететін фактілер туралы ақпараттардың шынайылығын анықтау мақсатында куәнің айғақтарын талдау. [Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы 20 сәуір 2006 жыл №4 ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 13бөл.]

көрген адам — қылмысқа дайындалу, қылмыс жасау және қылмыс іздерін жасыру фактілерін тікелей өз көзімен көріп сезінген адам [*Гинзбург АЛ.* Задержание подозреваемого в совершении преступления: процессуальные и криминалистические вопросы: Учебно-практическое пособие. -Астана, 2005.75 с. С. 36]

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты - Қазақстан Республикасының азаматтығын, жеке басын куәландыратын негізгі құжат, 16 жасқа толғанда беріледі, Қазақстан Республикасының аумағында және оның шекарасынан тыс жерлерде күші бар. Паспорт Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады және оның аумағында және шекарасынан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының қорғалуында болады. Паспорт қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде толтырылады және келесі ақпараттарды қамтиды: тегі, аты, әкесінің аты; туылған күні мен жері; жынысы; ұлты (паспорт иесінің еркіне қарай көрсетіледі) және азаматтығы; паспорт берген мекеменің атауы. Паспортқа келесідей жазбалар мен белгілер енгізіледі: шекарадан шығуға рұқсат жазба (қай елге және қай мерзімге шығуы көрсетіледі); паспорт иесімен бірге шығатын 16 жасқа толмаған балалары туралы жазба (қажет болған жағдайда олардың суреттері жабыстырылады); шет елге шығу мақсаты туралы белгі; шекарадан өткендігі туралы бақылау-өткізу пунктінің белгісі. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандардың паспорттары алынып үкімді орындау мекемесінде сақталады. Олар босатылған жағдайда паспорт иесіне қайтарылады. Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы 1бап]

пассивті қорғану құралдары — адамның өмір сүруге маңызды органдарын қорғау үшін арналған арнайы техникалық құрылғылар мен заттар [*Григорьев В.И.* Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 б. б. 65]

аудармашы - Аударма жасау үшін қажет тілді меңгерген және сезікті, айыпталушы, сотталушы; олардың қорғаушылары не жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар және өзге де процеске қатысушылар іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген жағдайларда, сонымен бірдей жазбаша құжаттарды аудару үшін тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысуға тартылған іске мүдделі емес адам. Қылмыстық процесті жүргізуші орган адамды аудармашы етіп тағайындау туралы қаулы шығарады.іс бойынша іс жүргізуге қатысу үшін шақырылған, мылқау

немесе саңырау адамдардың белгілерін түсінетін адамдарға қолданылады. [ст.85 ҚР ҚДЖК 85б. 1,6 бөл. Акмола, 13 желтоқсан 1997 жыл № 206-І]

есірткі және психотроптық заттар мен прекурсорларды тасымалдау және беріп жіберу — Қазақстан Республикасы шегінде есірткі және психотроптық заттар мен прекурсорларды өткізу және сақтау тәсілдеріне қарамастан тасымалдау және беріп жіберу бойынша кез келген қасақана әрекет. [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы]

тасымалдаушы — Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес берілген, анықталған талаптарға сәйкес жолаушылар мен жүктерді өзінің жеке меншігіндегі немесе заңды басқа да иелігіндегі көлігімен ақылы, не болмаса жалдамалы негізде тасымалдауға рұқсат қағазы бар заңды немесе жеке тұлға. [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

жоспарлау - /1/ - бұл болашақта нені, кіммен, қалай, қашан орындалатындығына дайындық процесі [Криминалистика: Криминалистическая тактика: Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «Центр деловой книги «Глобус», 2003. -432 с. С. 75]

- /2/ - бұл тергеушінің мақсатқа лайықты бағытталған қызметінің шарттары, нақты қылмысты тергеу бойынша жұмысты ұйымдастыру әдісі. [Криминалистика: Криминалистическая тактика: Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «Центр деловой книги «Глобус», 2003. -432 с. С. 81]

пневматтық қару — сұйық, қатты немесе қысылған газ энергиясының әсерінен көзделген нысананы зақымдайтын қару [Ст.1 Закона Республики Казахстан от 30 декабря 1998 года № 339-І О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия; Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

себеп — қылмыскер тұлғасының қоғамға қауіпті бағытталған әрекетіне сыртқы жағдайлардың әсер етуі [*Пралиева Г.К.* Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 101]

қайталама сараптама — алғашқы сот сараптамасының қорытындысы заңсыз деп танылса, оның шынайылығына күмән туғызылса немесе жеткіліксіз негізделген жағдайда қолданылатын сот сараптамасы [Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-IV Заңы, 8б. 5 бөл.]

қайта арыздану — бір тұлғаның бір іс бойынша қайталап арыздануы: 1) алғашқы арызы бойынша шығарылған шешіммен қанағаттанбауына байланысты арыздануы; 2) алғашқы арызының анықталған мерзімде шешілмеуіне байланысты арыздануы; 3) алғашқы арызы бойынша шығарылған шешімнің кейбір кемістіктеріне арыздануы [Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына азаматтарды қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, шешу нұсқаулығын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрінің 2007 жылғы 30 тамыздағы N 353 бұйрығы 10,11п.п.]

заңасты нормативтік құқықтық актілер — Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен Конституциясының негізінде және оларды орындау үшін шығарылатын, алайда, заңнамалық акт ретінде танылмайтын басқа да актілер. [П.3 ст.1 Закона Республики Казахстан от 24 марта 1998 года № 213-І О нормативных правовых актах; Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-ІІІ Заңы, 16]

сезікті - /1/ Тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған, не ұстау жүзеге асырылған, қаулы шығарылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі, 68б.,1бөл.]

тергеуде болу - заңда белгіленген, белгілі бір қылмысты тергеу белгілі бір алдын ала тергеу органының немесе анықтаудың құзыретіне жататын белгілердің жиынтығы [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 7б.п.17]

өрт — мемлекет пен қоғам мүдделеріне, адамдардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне зиян келтіретін, бақыланбайтын оттың жануы [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-ІІІ Заңы, 16]

сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтары - белгіленген тәртіппен анықтау немесе алдын ала тергеу процесінде жауап алуда олар жазбаша немесе ауызша нысанда хабарланған мәліметтер [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі,119б.,1бөл.]

ереже — қандай да бір мемлекеттік органның немесе оның құрылымдық бөлімшесінің құзыреті мен өкілеттігін айқындайтын нормативтік құқықтық акт [Нормативтік құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңы, 3бап, 3бөл.,2п.]

моральдік зиянды толық өтеу — сотпен анықталған ақшалай соманы зиян келтіруші заңнамада тікелей анықталған тәртіппен төлеуге міндетті әрекеті. [Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусым N 3. (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені 2001 ж., N 6) 5п.]

мүліктік жағымды жағдайлар мен басымдылық алу — қылмыстың субъектісі қатарына жататын тұлғаның төленуге жататын әр түрлі қызметтерді жеңілдікпен қайтарусыз нысанда алу немесе құрылыс жұмыстарына, туристік путевкаларды, жеңілдікпен кредиттер мен басқа да мүлікке басымдылық құқығын беретін жағдайлар алу. [Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі N 267 Заңы]

ақпарат ресурстарын, ақпарат жүйелерін және ақпарат қызметтерін пайдаланушы — ақпарат ресурстарымен және ақпарат жүйелерімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртіппен қолданатын жеке немесе заңды тұлға, ұйым немесе мемлекеттік орган [Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы N 412-ІІ заңы]

қаруды қолданушы — қаруды иесінен уақытша қолдануға алған жеке немесе заңды тұлға [Қазақстан Республикасының 2006 жылы 29 желтоқсанда қабылданған Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы № 209-ІІІ Заңы]

бөлме — адамдарды және метариалдық заттарды орналастыруға арналған тұрақты және уақытша немесе стационарлы және жылжымалы нысанда тұрғызылған құрылыс [Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы]

куәгер - қылмыстық ізге түсу органы осы Кодексте көзделген жағдайда тергеу іс-әрекеттерін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін тартқан адамдар. Өздерінің қатысуымен болып жатқан іс-әрекеттерді толық және дұрыс қабылдауға қабілетті, іске мүдделі емес және қылмыстық ізге түсу органдарына тәуелсіз кәметтік жастағы азаматтар ғана куәгерлер бола алады. Тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге кемінде екі куәгер қатысады [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 86 бап,1, 2, 3бөл.]

психикалық науқасты қамқорлау — спирттік ішімдіктің немесе есірткі заттың асыра қолдануының салдарынан соттың шешімімен әрекет қабілеттілігі шектелген тұлғаны қорғау нысаны [Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың

құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 96 Заңы]

қаулы — қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қабылданған анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және үкімнен басқа соттың шешімдері [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 7 бап, 33 бөл.]

қол сұғушылық — қоғамға қауіпті, зиян келтіруге бағытталған әрекет. Қылмыстық заңмен қорғалатын мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның мүдделеріне зиян келтіретін немесе келтіре алатын осындай әрекет қолсұғушылық ретінде танылады. [*Нуржаубаева К.И.* Соблюдение законности и организация прокурорского надзора при возбуждении дела, отказе в нем и прекращении производства по уголовному делу (методическое пособие). - Алматы. Данекер, 2002. -120с. С. 56]

жәбірленуші - /1/ Қылмыстық процесте оған тікелей қылмыспен моральдық, дене және мүлдік зиян келтірілді деп ұйғаруға ол жөнінде негіз бар адам жәбірленуші болып танылады. Адам есі кіресілі-шығасылы адам жасаған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тыйым салынған әрекетпен оған зиян келтірілген жағдайларда да жәбірленуші болып таныла алады. Адам қылмыстық процесте қылмыстық іс қозғалған кезден бастап тиісті қаулы шығысымен жәбірленуші болып танылады. Егер адамды жәбірленуші деп танығаннан кейін оның бұл жағдайда болуы үшін негіздер жоқ екені белгіленсе, қылмыстық процесті жүргізуші орган өзінің қаулысымен ол адамның іске жәбірленуші ретінде қатысуын тоқтатады. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 75 бап, 1, 2, 3, 12 бөл.]

- /2/ өзіне қатысты қоғамға қауіпті тікелей әрекетпен моральдік, дене, мүлдік зиян келтірілген кез келген тұлға. Зиян келтірген тұлғаның анықталмауы немесе анықталуы маңызды емес. [Қылмыстан жәбір көрген азаматтардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін заңнаманы қолданудың тәжірибесі туралы ҚР Жоғарғы сот пленумының қаулысы 24 сәуір 1992 жыл N 2]

тегі бойынша тіркеу — аты-жөні, туған жылы бойынша қылмыс жасаған, ұсталған, жеке бас куәлігі жоқ, қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотпен әрекет қабілетсіздігі танылған тұлғаларды тіркеу. Аумақтық органдарда тегі бойынша тіркеуге жатады: 1) аумақ бойынша сотталған, айыпталушы ретінде танылған тұлға; 2) іздеуге жарияланған тұлғалар; 3) тұрақты мекен жайы жоқ немесе жеке басы анықталмаған тұлғалар; 4) мәжбүрлеп емдеу шарасы тағайындалған есі дұрыс емес тұлғалар; 5) басқа облыста сотталған, бірақ осы аумақта жазасын өтіп жүрген тұлғалар [п.п. 1, 5 Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 23 бұйрығы]

пошталық жөнелтілімдер — тиісті тәртіппен буып-түйілген басылымдар, пошталық контейнерлер, хат корреспонденциялар [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

ереже — қызметтің қандай да бір болмасын түрін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін анықтайтын нормативтік құқықтық акт. [Нормативтік құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңы, 3 бап, 3 бөл.]

сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылық (сыбайлас жемқорлықтық құқықбұзушылық) — заңмен анықталған тәртіптік, әкімшіліктік, қылмыстық жауаптылықты тудыратын жемқорлықпен байланысты немесе жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекет [Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі N 267 Заңы, 2 бап]

сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның қорғану құқығы — заңсыз ұсталумен, айыпталумен, сотталумен байланысты келтірілген шығынды өтеу мақсатында, сонымен қатар, күдікті, айыпты жою мен ақталу үшін жүзеге асырылатын заңмен берілген іс жүргізулік мүмкіндіктер жиынтығы [Нормативного постановления Верховного суда Республики Казахстан от Азаматтардың қорғану құқығын реттейтін заңнаманы қолданудың тәжірибесі туралы ҚР Жоғарғы сот пленумының қаулысы 6 декабря 2002 г. N 26]

алдын ала тергеу ("алдын ала іздестіру") - уәкілетті органдардың осы Кодекспен белгіленген өкілеттік шегінде істің мән-жайының жиынтығын анықтау, белгілеу, бекіту және қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі сотқа дейінгі қызметінің іс жүргізу нысаны. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі п.16 ст.7]

дәлелдеу шегі — дәлелдеу пәніне кіретін жағдайларды толық, объективті, жанжақты анықтауға жеткілікті дәлелдемелер жиынтығы [*Оспанов С.Д.* Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С. 263]

ұсыныс — алдына қойған міндеттерін шешу жолдары мен әдістерін ұсыну, жұмыстарын жетілдіру мақсатында ішкі істер органдарының назарын аудару үшін берілетін арыз түрі. [Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына азаматтарды қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, шешу нұсқаулығын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрінің 2007 жылғы 30 тамыздағы N 353 бұйрығы, бп.]

дәлелдеу пәні — іс бойынша дұрыс шешім қабылдау үшін жағдайды, тұлғаны,

айыпталушыны, қылмыспен келтірілген зиянды және басқа да мән-жайларды зерттеуге байланысты фактілік жағдайлардың жиынтығы. [*Оспанов С.Д.* Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С. 264]

кепіл заты — ақша, жылжымалы, жылжымайтын және басқа да бағалы заттар [Қазақстан Республикасының 2006 жылы 29 желтоқсанда қабылданған Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы № 209-III Заңы]

ұрлық заты — кінәлі тұлғаның меншігіндегі бөтеннің мүлкі. Ұрланған иесінің өзінде немесе сеніп тапсырылған басқа да тұлғаның меншігінде болуы мүмкін. Тауып алған немесе байқаусызда иеленген тұлғадағы мүлік ұрлыққа жатпайды. [Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы, 2п.]

қару ретінде қолданылатын заттар - олардың көмегімен іс жүзінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді (оқ ату, тесу-кесу соққыларын келтіру және т.с.с), яғни қарудың немесе заттың тірі нысанаға зақым келтіру мүмкіндігін пайдалануды түсіну керек. Егер кінәлі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті дене жарақатын келтіру үшін пайдалану мүмкін емес көрінеу жарамсыз немесе оқталмаған қарумен не қаруға ұқсас (тапаншаның нобайы, ойыншық қанжар және т.б.) затпен қорқытса, онда кінәлінің әрекеттерін, егер басқа саралау белгілері болмаса [Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы, 2п.]

өкілдер - заңның немесе келісімнің күшіне орай жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің заңды мүдделерін білдіруге уәкілдік берілген адамдар [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 7 бап 21п.]

қылмыстарды ескерту — келесідей мақсаттары бар факторлар мен криминогендік құбылыстарға әсер етуді тежейтін күрделі жүйе: 1) криминогендік әсерді азайту немес толық жою, залалсыздандыру; 2) аталған құбылыстарды жоққа шығаратын жағдайлар жасау [*Григорьев В.И.* Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 65-66]

прекурсорлар — есірткі және психотроптық заттарды өндіру, дайындау, өңдеу кезінде пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, соның ішінде БҰҰ-ның Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы 1988 жылғы Конвенциясына сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс

пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы, 1 бап]

қылмыс - жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді. Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген қайсыбір әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды. [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 9 бап]

сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар — лауазымды тұлғаның пайдакүнемдік мақсатта басқа адамның мүддесі үшін өз қызметін пайдаланып оған оңтайлы жағдай туғызатын қылмыстық жаза қатерімен тыйым салынған әрекет. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстарды басқа қылмыстардан оның субъектісіне қатысты айыру қажет. [Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы, 2п]

қылмыстық әрекет - /1/ тұлғаның құқыққа қайшы бағытталған тұрақты көзқарасымен шартталған өмір сүрудің қылмыстық кейіпі. Мәселен, рецидивист, кәсіби қылмыскер. [*Григорьев В.И.* Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 66]

/2/ тұлғаның құқыққа қайшы, әлеуметке жат ішкі және сыртқы өзіндік әрекеті [*Пралиева Г.К.* Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 127]

қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды қабылдау — Нұсқаулыққа және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламалар және өзге де ақпараттар қабылдау бойынша өкілеттікке ие лауазымды тұлғаның іс [Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының бұйрығы 2б.]

психикалық әсер ету әдісі — тұлғаның еркінен тыс оның жасырған ақпаратының белгілі болуына жағдай жасайтын әсер [*Пралиева Г.К.* Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 118.]

мәжбүрлеп емдеу - нашакорлықпен ауыратын адамды ерікті түрде емделуден жалтарған не есірткі немесе психотроптық заттарды заңсыз тұтынуын жалғастырған жағдайда сот

шешімі негізінде жүзеге асырылатын стационарлық емдеу [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы, 1 бап]

қылмыстық іс жүргізудің қағидалары – /1/ қылмыстық іс жүргізудің құрылымын, жүйесін, міндеттері мен мақсаттарын айқындайтын негізгі бастама. Оларды бұзу, оның сипаты мен мәніне қарай, іс бойынша болған іс жүргізуді жарамсыз деп тануға, мұндай іс жүргізудің барысында шығарылған шешімдерді бұзуға не осы тұрғыда жиналған материалдарды дәлелдеу күші жоқ деп тануға әкеліп соқтырады (ст. 9 УПК РК) [*Канафин Д.К.* Понятие и дифференциация процессуальной формы уголовного судопроизводства. Алматы, 1998 г. 52 стр. С.48]

/2/ мемлекеттің қылмыстық іс жүргізудің алдына қойған міндеттері мен мақсаттарына қол жеткізетін қылмыстық іс жүргізулік қызметті, институттарды, олардың кезеңдері мен нысандарының табиғатын, мәнін айқындайтын құқықтық ережелер [*Оспанов С.Д.* Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с. С. 264]

қылмыстық жолмен алынған мүлікке иелік ету – мүлікке деген иелік құқығын танып онымен иемдену [Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы, 29п]

қаруды иемденіп алу - сатып алу, қаруды сыйлық, марапат ретінде алу [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

дәлелдеме құжаттарды тексеру – қылмыстық істегі басқа дәлелдемелермен салыстыру, талдау жолымен анықтаушымен, тергеушімен, прокурормен және сотпен жүзеге асырылатын дәлелдеудің негізгі элементі [*Царева Н.П.* Документы-доказательства в уголовном судопроизводстве. - М.: "Приор-издат", 2003. - 160с. С. 150]

азық-түлік қауіпсіздік – тамақтанудың физиологиялық ережелеріне сәйкес, тұрғындардың азық-түлік тағамдарымен қанағаттануы барысында ішкі және сырты шарттарға байланысты емес тиісті ресурстармен қамтамасыз етілген шаруашылық кешен мен экономиканың жағдайы. [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

іс бойынша іс жүргізу – нақты қылмыстық іс, сотқа дейінгі өндіріс, сот талқылауы мен үкімнің орындалуы бойынша жүзеге асырылатын іс жүргізу әрекеттері мен шешімдерінің

жиынтығы [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 7бап 276.]

мәселе – қалыпты жүйенің қайта құрылуын талап ететін жағдайға әкеп соқтырған мән-жайларды жою жолдарын қарастыру секілді мәселелік оқиғаларды талдау нәтижелері [*Сереброва С.П.* Рационализация уголовного процесса. Учебное пособие – Н. Новгород: Нижегородская академия МВД России, 2001. 122 с. С. 11-12]

өнім – жұмыс немесе өндіріс нәтижесі [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

қару өндірісі - қару өндірісі - қаруды зерттеу, әзірлеу, жасап шығару, сынақтан өткізу, құрастыру, көркемдеп әрлеу, жөндеу, қайта жасау және жою, патрондар және олардың құрамдас бөліктерін жасап шығару [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

авиациялық оқиға - әуе кемесі ұшуды орындау мақсатында пайдаланылған кезде осы әуе кемесінің, оның экипажының, басқа авиация қызметшілерінің қалыпты қызмет атқару жағдайының бұзылуына байланысты немесе сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты туындаған және адамдардың қаза табуына, елеулі зақымдарға, әуе кемесінің қирауына немесе мүлдем істен шығуына әкеп соқтыратын оқиға [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

қазақстан Республикасының прокуратурасы – анықтау мен тергеу, әкімшілік пен атқару және жедел іздестіру қызметінің заңдылығына, Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтарының, заңдардың және республика аумағындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерінің бұлжытпай орындалуына жоғарғы қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган. [Экстремизмге қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының 18 ақпан 2005 жылғы № 31-III бұйрығы]

хаттама - қылмыстық процесті жүргізуші орган жасаған іс жүргізу әрекеті көрсетілетін іс жүргізу құжаты [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 7 бап п.31]

хаттамалар – қылмыстық немесе азаматтық істерді соттық талқылау барысында сотпен, іс жүргізушілік әрекет жасаушы тергеушімен, анықтаушымен немесе басқа да құзыретті тұлғамен жүзеге асырылатын іс жүргізушілік әрекеттердің нәтижелерін жазбаша белгілеу

нысанымен орындалатын заңмен анықталған іс жүргізулік құжат. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 67]

кәсіби қорғау — айыпталушының, сезіктінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, оларға заңдық көмек көрсету мақсатында заңмен анықталған тәртіппен және құралдармен жүзеге асыратын адвокат-қорғаушының қызметі [Мазур Н.В. Адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учеб. пос. - Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2006. - 144 с. С. 115]

экстремизмнің алдын алу - экстремизмнен сақтандыруға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар жүйесі [Экстремизмге қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының 18 ақпан 2005 жылғы № 31-III бұйрығы, 1 бап]

процесс - өнімнің өмірлік циклінің процестерін қоса алғанда, қандай да бір тапсырылған нәтижеге жету жөніндегі өзара байланысты және дәйекті іс-қимылдар (жұмыстар) жиынтығы [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

қылмыстық іс жүргізулік нысан — қылмыстық іс жүргізу субъектілерінің іс жүргізулік рәсімін, тәртібін, шарттарын реттейтін қылмыстық іс жүргізулік қызметті жүзеге асырудың заңмен анықталған жағдайы. [Канафин Д.К. Понятие и дифференциация процессуальной формы уголовного судопроизводства. Алматы, 1998 г. 52 стр. С.48]

іс жүргізу әрекеттері - қылмыстық сот ісін жүргізу барысында жүргізілетін іс-әрекеттер [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 7 бап п.30]

іс жүргізу шешімдері - өз құзыреттері шегінде қылмыстық процесті жүргізуші органдар шығаратын және осы Кодексте айқындалған нысанда көрініс табатын қылмыстық іс жүргізу құқығын қолдану актілері - үкімдер, қаулылар, қорытындылар, ұсыныстар, санкциялар [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 7 бап п.32]

іс жүргізулік мерзім (құқықтық мәні) — заңмен анықталған қандай да бір әрекеттердің, шешімдердің қылмыстық іс жүргізу барысында қабылданатын уақыттың белгілі бір кезеңі. ҚІЖК екі түрлі мерзімді анықтайды. Біріншісі, заңмен анықталған мерзімдер, ал екіншісі, лауазымды тұлғалардың қойған мерзімдері [См.: Уголовный процесс: Учебник для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция» / Под ред. В.П. Божьева. 3-е изд., испр. и доп. - М.: Спарк, 2002. 704 с., с. 275].

психиатриялық ұйым - психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға арнаулы медициналық жәрдем көрсететін көпқырлы ауруханалар құрамындағы психиатриялық және психоневрологиялық ауруханалар, психоневрологиялық диспансерлер, психиатриялық бөлімшелер [Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 96 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Заңы, 1 бап]

психиатриялық жағынан жақпаушылық - кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруға кедергі жасайтын нақты психика бұзылуының тізбесі [Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 96 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Заңы, 1,6 бап]

психиатриялық көмек - психика бұзылуының алдын алу, азаматтардың психикалық денсаулығын тексеру, психика бұзылуының диагностикасы, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарды емдеу, күту, медициналық және әлеуметтік жағынан оңалту [Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 96 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Заңы, 1 бап]

психиканың бұзылуы (ауру) - адамның ми жұмысының бұзылуына байланысты психикалық қызметінің бұзылуы [Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 96 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Заңы, 1 бап]

психикалық іздер — кейбір тергеулік әрекеттерді жүргізу мақсатында сұрау әдісімен анықталатын жеке дәлелдемелер (жауап алу, беттестіру, сот-психологиялық сараптама) [Пралиева Г.К. Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 110.]

психотроптық заттар - Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, соның ішінде 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы, 1 бап]

қызметкер - жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға [Қазақстан Республикасындағы еңбек

туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 493 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007.05.15. N 252 Заңы, 1 бап]

жұмыс орны - қызметкердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде тұрақты немесе уақытша болатын орны [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

радиациялық авария - атом энергиясын қолдану объектісін қауіпсіз пайдалану шегінің бұзылып, бұл орайда адамдардың немесе қоршаған ортаның белгіленген нормалардан жоғары радиоактивті ластануына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан радиоактивті өнімдердің және (немесе) иондаушы сәулелендірудің қалыпты пайдалану жобасында көзделген шектен асып кетуі [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

радиациялық қауіпсіздік - белгіленген нормаларға сәйкес қызметшілерге, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді шектейтін шаралар кешенімен қамтамасыз етілген радиациялық жағдайдың жай-күйі [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

мемлекеттік құпияларды жария ету - мемлекеттік құпияларды олармен танысуға құқық берілмеген заңды және жеке тұлғаларға хабарлау, беру, табыс ету, жіберу, жариялау немесе кез-келген басқа әдістермен жеткізу [Мемлекеттік құпиялар туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы N 349-І Заңы, 1 бап]

рұқсат етілген өтініштер — қойылған сұрақтарға төмендегіше жауаптар болған өтініштер: 1) өтінішті толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы және өз құзіретіне енгізілген мәселелер бойынша ішкі істер органының шаралар қабылдауы; 2) хатта баяндалған өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы немесе бұрын қаралған хат бойынша қабылданған шешімді растау туралы; 3) арыз беруші қойған ішкі істер органдарының, ұйымдарының құзіретіне жатпайтын мәселелерді шешу тәртібін түсіндіру туралы; [Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының бұйрығы 2011 жылғы 6 сәуір №26, Астана қаласы]

рұқсат ету жүйесі — анықталған заттарды тасымалдауға, сақтауға ерекше режим қойылған мекемелердің ашылуы мен қызмет ету кезеңінде пайда болатын қатынастардың нормативті реттелу жүйесі [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 67]

тексеру жүргізу - авиациялық оқиғаларды болдырмау мақсатында оқиға себебін анықтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, ақпарат жинау мен талдауды, қорытындылар әзірлеуді қамтитын процесс [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды қарау — қылмыстар туралы тіркелген өтініш, хабарлама бойынша лауазымды тұлғаның (өз құзыреті шегінде) тексеру іс-шараларын өткізу және Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс-жүргізу кодексіне (одан әрі – ҚР ҚДЖК) сәйкес ол бойынша іс жүргізу шешімдерін қабылдау [Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына азаматтарды қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, шешу нұсқаулығын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрінің 2007 жылғы 30 тамыздағы N 353 бұйрығы]

ақтау — заңмен анықталған тәртіп бойынша сотты, прокурордың, тергеушінің, анықтаушының іс жүргізуді қысқарту бойынша тиісті шешім шығарып тұлғаның кінәсіздігін танитын қылмыстық іс жүргізудің өз бетінше институты. [Бачурин С.Н. Компенсация морального вреда реабилитированным гражданам и потерпевшим от преступлений по законодательству Республики Казахстан: Монография. – Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2008. – 152 с. С. 64.]

қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды есепке алу — қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды қабылдау және тіркеу бойынша мәліметтерді бекіту және оларды есептілікте бейнелеу [Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына азаматтарды қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, шешу нұсқаулығын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрінің 2007 жылғы 30 тамыздағы N 353 бұйрығы, 2 б.]

регламент - қандай да бір мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің ішкі тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық акт [Нормативтік құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңы, 3 бап]

күзетпен ұстау орындарындағы режим — сезіктілер мен айыпталушылардың заңмен анықталған өз міндеттерін орындауын, олардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін режим. Режимді сақтау сол мекеменің әкімшілігіне және қызметкерлеріне жүктеледі. Режимді орындамау заңға сәйкес жауаптылықты көздейді. [Қылмыс жасағанға сезікті мен айыпталушыларды күзетпен ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы ҚР 30 наурыз 1999 жыл N 353-І Заңы, 14 бап]

тәуекел — қоршаған ортаға, жануарларға және адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру қаупі [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының

кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

туыстар - үлкен атасы мен үлкен әжесіне дейін ортақ ата-бабалары бар туыстық байланыстағы адамдар [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 7 бап]

іздеу жариялау — анықтау, тергеу, жедел іздестіру органдарының, бостандықтарын шектеу мекемелерінің тергеуден, соттан немес жазасын өтеуден бойтасалаған сезіктілер мен айыпталушыларды табуға байланысты қызметі. [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 67]

іздеуді есепке алу — анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жалтарғандарды, хабар-ошарсыз кеткендерді, жеке басы анықталмаған мәйіттерді, денсаулық жағдайына немесе жас ерекшелігіне байланысты өзі туралы мәліметті хабарлай алмайтын белгісіз аурулар және балаларды есепке алу [Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 23 бұйрығы]

қол жүк — тексерілетін тұлғаның өзінде және күш жұмсау көмегімен алып жүретін (рюкзак, чемодан, тұрмыстық пакет, барсетка, түйілген қағаз, қораб және т.б.). Тұлғаның жүріп тұруына арналған көлік құралы, тұлғаның баратын жерінің жергілік объектісін тексеру — тірі адамға тексеру жүргізумен қамтылмайды және тексерудің өзіндік түрін талап етеді [Ширинских Д.А., Турганов А.О. Производство осмотра живого лица в уголовном процессе Республики Казахстан. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуіндегі тірі адамға тексеру (қарау) жүргізу. Учебное пособие. — Караганда: КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2009. — 45 с., С. 4]

базар - жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөпті және жемшөптік қоспаларды сату орнын қоса алғанда, арнайы жабдықталған сауда орны [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

қылмыстық өзімшілдік — абайсызда жасалған қылмыстың бір түрі ретінде танылатын қылмыстық құқықтағы кінә нысаны. Кінәлі тұлға өз әрекетінің қауіптілігін ұғынады, алайда өзінің жағымсыз нәтиженің болдырмайтындығына сенеді [Григорьев В.И. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебно-наглядное пособие. - Алматы: ЮРИСТ, 2003. - 76 с. С. 68]

санкция - прокурордың, соттың сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қылмыстық ізге түсу

органы қабылдаған іс жүргізу шешімін бекіту актісі [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі 7 бап]

құрамында есірткі, психотроптық заттар бар өсімдіктерді жинау - халықаралық Конвенцияларға сәйкес Тізімге енгізілген, құрамында есірткі бар жабайы өсетін немесе егілетін өсімдіктерді жинау [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заң, 1 бап]

куә — іске маңызды ақпараттар белгілі болған қылмыстық процеске қатысушы өзге де адам [Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. — 266с. С. 264]

куә иммунитеті — қылмыстық іс жүргізуде куә болушы тұлғаға жауап беруден бас тарту құқығына кепілдік беретін сот әділдігінің конституциялық қағидасы [Сейтжанов О.Т. Свидетельский иммунитет в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан: Учеб.пос. — Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им Б.Бейсенова, 2009. — 88 с. С.18]

әуе еркіндігі - тұрақты халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекет екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге жолаушылар, багаж, жүк және почта тасымалдау үшін өз аумағында ұшу мен қонуды жүзеге асыруға беретін тасымалдау құқығы [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз айналымда жүргені анықталған шағын, ірі және өте ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кесте - есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасы органдары айқындайтын және кейіннен әкімшілік не қылмыстық жауаптылықтың туындауына негіз болып табылатын (шағын, ірі, өте ірі) мөлшердегі белгіленген түрлерінің тізбесі [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заң, 1 бап]

байланыс - ақпаратты, почта және арнаулы жөнелтілімдерді, почталық ақша аударымдарын қабылдау, жинау, өңдеу, жинақтау, беру (тасымалдау), жеткізу, тарату [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-III Заңы, 16]

отбасылық жағдай - некеде болуы немес болмауы, бала-шағасының немесе де жанұясының басқа да мүшелерінің болуы немесе болмауына байланысты жағдайы [Неке

және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы N 321-І Заңы, 1бап]

белгі беретін қару — жарықты, түінді немес дыбысты беру үшін қолданылатын қару [Ст.1 Закона Республики Казахстан от 30 декабря 1998 года № 339-І О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия; Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-ІІІ Заңы, 1б]

синтез - (грекше *senhesis* - қосылу, құру) – заттың бөліктерін ойша құру, оны тану. [Криминалистика: Криминалистическая тактика: Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «Центр деловой книги «Глобус», 2003. -432 с. С. 64]

тез бүлінетін жүк — тасымалдаудың ерекше шарттарын қажет ететін шетеулі сақтау мерзімі бар жүк [Техникалық реттеу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР 29.12.2006ж. № 209-ІІІ Заңы, 1б]

тергеуші - өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам: арнайы прокурор, ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі. Тергеуші қылмыстық іс қозғауға, ол бойынша алдын ала тергеу жүргізуге және осы Кодексте көзделген барлық тергеу қызметін орындауға құқылы. Тергеуші істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге барлық шараларды қолдануға, оның қылмыс жасағандығын көрсететін, оған қатысты жеткілікті дәлелдер жиналған адамды айыпталушы ретінде тарту, айып тағу, осы Кодекске сәйкес оған жолын кесу шараларын таңдау, айыптау қорытындысын жасау жолымен оны қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндетті [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі, 64б.]

тергеу әрекеттері — дәлелдемелерді жинау мен тексеру бойынша тергеушінің заңмен көзделген іс жүргізулік әрекеттері [*Пралиева Г.К.* Юридическая психология: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 384 с. С. 161]

тергеу изоляторы — қамау ретінде бұлтартпау шарасы таңдалған сезіктілер мен айыпталушыларды орналастыру үшін арналған арнайы мекеме [Қылмыс жасағанға сезікті мен айыпталушыларды күзетпен ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы ҚР 30 наурыз 1999 жыл N 353-І Заңы, 2 бап]

қылмыс іздері — қоршаған ортаның өзгеру түріндегі, қылмыстың кез келген материалдық салдары: а) іздер - бейнелер (бір заттың басқаға әсер етуінен пайда болады); ә) іздер –

бұйымдар (қылмыскермен қалдырылған объектілер; оқиға болған жерден әкетілген, қалдырылған объектілер; қираған заттардың бөлшектері); б) іздер – заттар (сұйықтықтар, микробөлшектер, иістер және т.б.) [*Ширинских Д.А., Турганов А.О.* Производство осмотра живого лица в уголовном процессе Республики Казахстан. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуіндегі тірі адамға тексеру (қарау) жүргізу. Учебное пособие. — Караганда: КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2009. – 45 с., С. 3]

абоненттер туралы қызметтік ақпарат - абоненттер туралы мәліметтер (телефон нөмірлері, электрондық почтаның мекен-жайы), биллингтік мәліметтер және абонентке көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтер; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы]

қызметтік құпия - мемлекеттік құпияның құрамына кіруі мүмкін, жарияланған немесе жоғалған жағдайда мемлекеттің ұлттық мүдделеріне, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін жекелеген деректер сипаты бар мәліметтер; [Мемлекеттік құпиялар туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы N 349-І Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 4, 102-құжат; "Егемен Қазақстан" 1999 жылғы 19 наурыз, N 54]

қызметтік қару - Қызметтік қаруға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметтік қару иемденіп алуға (алуға) құқығы бар мемлекеттік саяси қызметшілердің, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, прокурорлардың жеке басының, сондай-ақ ұйымдардың оларға заңмен жүктелген немесе өз жарғыларында (ережелерінде) көзделген, азаматтардың өмірі мен денсаулығын, меншікті қорғау, қоршаған орта объектілерін және табиғи ресурстарды, бағалы және қауіпті жүктерді, арнаулы корреспонденциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануға арналған қару жатады. Қызметтік қаруды пайдалану мен қолдануға байланысты функциялар жүктелген ұйымдар ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар болып табылады (бұдан әрі - ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар). Қызметтік қаруға қысқа ұңғылы тегіс және ойық ұңғылы атыс қаруы, сондай-ақ ұзын ұңғылы тегіс және ойық ұңғылы қару жатады. Қызметтік қару түйдектете оқ атуды болғызбауы тиіс. [Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 Заңы "Егемен Қазақстан" 1999 жылғы 8 қаңтар N 5]

егер айғақтар болжамға, жорамалға, қауесетке негізделсе және куә аталған фактілер туралы өзінің қандай дерек көзден хабардар болғанын көрсете алмаса; осы іс бойынша іс жүргізу іс-әрекеттерін жүзеге асыруға өкілеттігі жоқ адамның жауап алуы кезінде, сондай-ақ заңмен белгіленбеген орын мен уақытта (көшеде, кафеде, бөтен пәтерде, негізсіз басқа елді мекенге алып шығу арқылы, түнгі уақытта, үздіксіз төрт сағаттан астам және т.б.), кейінге қалдыруды күтпейтін жағдайлардан басқа, жәбірленушінің, куәнің

айғақтары жарамды дәлелдемелер деп таныла алмайды. [Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 4 Нормативтік қаулысы].

қылмыстардың жиынтығы - Осы Кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп әрекеттерді жасау қылмыстардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстардың жиынтығында адам, егер жасалған әрекеттердің белгілері осы Кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейтін нормасымен қамтылмаған болса, әрбір жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауапқа тартылады. Осы Кодекстің екі немесе одан да көп баптарында көзделген қылмыстардың белгілері бар бір іс-әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстардың жиынтығы деп танылады. Адам қылмыстардың мұндай жиынтығында, егер бір әрекеттің белгілері осы Кодекс бабының басқа әрекет үшін неғұрлым қатаң жаза қолдануды көздейтін нормасымен қамтылмаған болса, әрбір қылмыс үшін осы Кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауапқа тартылады. [ҚР ҚК 12-бабының 1,2 б.]

көмек сұраушымен қорғаушының арасындағы келісім шарт – келісім шарт, қорғаушы мен тұлғаның қарым-қатынас міндеттілігін орнататын заң көмегіне қолдау көрсетуін, өкілдік және қорғау іске асыру тәртібі мен іс шарттың түрін және қорғаушының еңбек ақысын өлшемін анықтайды. [Н.В.Мазур Адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учебное пос. – Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им.Б.Бейсенова, 2006. -144 с. С.115]

құжаттың мазмұны – белгілі бір құжаттарда мәлімет белгіленген, басқа да құжаттардың мәліметтері қызметінің түрін анықтау мақсатында ерекшелінеді. [Царева Н.П. Документы – доказательства в уголовном судопроизводстве.-М.: «Приор-издат», 2003.-160с.С.16]

күзетте ұстау – адамдарды сот санкциясымен арнаулы мекемелерде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген уақытша оқшаулау;

күзетте ұстау – қылмыс жасаған сезіктерді, ұсталғанды, соңымен қатар қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы тандалған тұлғаларды арнайы мекемелерінің бөлмелерде уақытша ұстау. Қылмыс жасауда сезіктінің, айыптаушыларды күзетте ұстау ҚР ҚДЖК құрастырылған шараларды ету мақсатында жүзеге асырылады. [Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353-І Заңы].

қылмыстық іс жүргізудің мазмұны – анықтау, тергеу, прокуратура және аймақ бойынша сот органдарының қызметкерлері қылмыс туралы өтініш, хабарлама бойынша әрекет ету, қылмыстық іс қозғау, алдын ала тергеу, үкімнің орындалуы және қылмыстық істі сотта талқылау, сонымен қатар басқада іс жүргізуге қатыстырылатын тұлғалардың заңды құқықтары мен жүзеге асырылу бойынша ұсынылған қойылған міндеттері мен қарамқатынастары, қылмыстық – құқық заңдарының нормаларымен реттелген және осы

қызметпен пайда болған. [Д.К.Канафин Понятие и дифференциация процессуальной формы уголовного судопроизводства. Алматы, 1998. с.52.С. 48].

ниеттің мазмұны – субъектінің ойындағы осы жағдайлары толық белгіленіп, оның мақсатқа жетуіне байланысты жағдайы. [Г.К.Пралиева Юридическая психология: Учеб.пос. – Алматы:Жеті жарғы, 2004. – 384 с.С.102]

мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелері - заңда белгіленген тәртіппен наркологиялық көмек көрсететін мекемелер (орталықтар, ауруханалар, диспансерлер, бөлімшелер немесе кабинеттер); [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы 1 бабының 23 тармағы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 221-құжат]

маман - қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге маман ретінде қатысу үшін қылмыстық процестің қатысушыларына өзінің арнайы құзыретіне жататын түсіндіру жолымен дәлелдерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар, іске мүдделі емес адам тартылуы мүмкін. Кәсілетке толмағандар қатысатын тергеуге және өзге де іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы педагог те, сондай-ақ оны сарапшы етіп тағайындаған жағдайларды қоспағанда, тергеу және өзге де іс жүргізу процестеріне қатысушы дәрігер де мамандар болып табылады. [Қазақстан Республикасының ҚДЖК 84 б.1 б.]

байланыс - ақпаратты, почта және арнаулы жөнелтілімдерді, почталық ақша аударымдарын қабылдау, жинау, өңдеу, жинақтау, беру (тасымалдау), жеткізу, тарату; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы].

арнаулы білім - адам кәсіби оқудың не практикалық қызметтің барысында алған, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланылатын қылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім; [Қазақстан Республикасының ҚДЖК 7 б.41т.]

Қорғаныс және мемлекеттік қажеттілі үшін арнайы тасмалданатын жүк [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңының 1-бабы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 24, 148-құжат; "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 9 қаңтар N 5]

арнаулы сақтау орындары (көмінділер) - тыйым салынған немесе жарамсыз болып қалған пестицидтерді (улы химикаттарды), сондай-ақ олардың ыдыстарын көмуге арналған сақтау орындары; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1бабы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 24, 148-құжат; "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 9 қаңтар N 5]

қылмыстық әрекет жасаудың жолы – тұлғаның психикалық іс-әрекетінің себебімен мақсаты еркшелігі қабылдау жүйесі. [Г.К.Пралиева Юридическая психология: Учебное пособие – Алматы: Жеті жарғы,2004. – 384 с.С.102].

әділдік (шындық) - этикалық және құқықтық санап, қазіргі кездегі демократиялық қоғамдағы заңнамаға енетін және сот қызметіне қатысты адам құқығы жалпы декларациясында да құқықтық жағдайы көрініс тапқан. Адам құқығы декларациясының 10 бабында: әр адам өзіне тағылған қылмыстық айыпты дұрыс қолдануын, оның құқықтарын сақталуын, кінәнің тағылуына негіз бар екенін білуге, оның ісінің жариялы түрде қаралуын, барлық талаптарға сай шындықты білуге және әділ сотпен қаралуына құқығы бар деп айтылған. [Н.В. Мазур Адвокатская деятельность в Республики Казахстан: Учеб. пос. – Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2006. – 144с. С.93]

Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімі (бұдан былай - Тізім) - халықаралық Конвенциялар негізінде нөмірленген және тиісті кестелер мен тізімге біріктірілген, Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізбесі [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы].

байланыс құралдары – телекоммуникация хабарламаларын не почта жөнелтілімдерін түзу, өңдеу, беру немесе қабылдау үшін пайдаланылатын техникалық және бағдарламалық құралдар; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.].

өлшем құралы - өлшем жүргізуге арналған және нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар техникалық құрал; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы].

қылмыстық іс жүргізу сатылары – белгілі бір дербес тапсырмалармен, құқықтық қатынас субъектілерімен, міндеттерді жүзеге асыру түрлерімен және қылмыстық іс жүргізу нәтижесімен сипатталатын қылмыстық іс жүргізудің құрамдас бөлігі. Қылмыстық іс жүргізу саталары мынадай сатыға бөлуге болады: Қылмыстық іс қозғау; алдын ала тергеу; сотқа беру; соттық талқылау; кассациялық өндіріс; үкімді орындау. Сонымен бірге мынадай екі ерекше сатысы бар: Қадағалау тәртібімен үкімді қайта қарау; қадағалау тәртібімен жаңадан пайда болған жағдайларға байланысты қайта қарау. [Қ.Ө.Ташибаев

Қылмыстық іс жүргізу терминдері мен негізгі ұғымдарының түсіндірме сөздігі. Қарағанды 1998. –Б 86]

дүлей зілзала - төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан зілзала; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1бабы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 24, 148-құжат; "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 9 қаңтар N 5]

қорғану тарабы - сезікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілі; [Қазақстан Республикасының ҚДЖК 7 б. 18 т.]

айыптау тарабы - қылмыстық ізге түсу органдары, сондай-ақ жәбірленуші (жеке айыптаушы), азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері мен өкілдері; [Қазақстан Республикасының ҚДЖК 7 б. 12 т.]

тараптар - сот талқылауында бәсекелестік пен тең құқықтылық негізінде айыптауды (қылмыстық ізге түсуді) және айыптаудан қорғауды жүзеге асыратын органдар мен адамдар; [Қазақстан Республикасының ҚДЖК 7 б. 11 т.]

стратегия – мақсат бағытын тандаудағы тиімді жол. [Г.К.Пралиева Юридическая психология: Учебное пособие. Жеті жарғы,2004. – 384с.С.150]

стратегиялық объект - іске асырылуы табиғи ресурстарды барлау, өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу, пайдалану, республикалық маңызы бар инфрақұрылым, республикалық маңызы бар аэроғарыштық және әскери кешендер, байланыс, энергетика саласындағы қызметпен тікелей байланысты сараптама объектісі; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.].

сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстардың субъектілері болып – мемлекеттік органдары, жергілікті басқару органдарының, қарулы күштерінің және басқа да әскери құрылымдарының лауазымды тұлғалары, сонымен қатар жауапты мемлекеттік қызметтік тұлғалар. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстардың субъектілері болып қатарына аталмыш лауазымды тұлғаларды сатып алу мақсатында оларға мүліктік сыйлармен басқа да құнды сыйлықтарды заңсыз тұрғыда ұсынатын жеке тұлғалар да жатады.

Соттар жоғарыда аталған тұлғаларды өз мүддесі үшін әрекет жасату мақсатында оларға мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қайшы беретін жеке тұлғалардың да сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар субъектілерінің қатарына жататынын ескергендері жөн. [Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді қарау практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 13 желтоқсан N 18].

сот - сот билігі органы, Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін, істі алқалық немесе жеке қарайтын кез келген заңды түрде құрылған сот; [Қазақстан Республикасының ҚІЖК 7 б. 1 т.]

сот сараптамасы - шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында, арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істерді материалдарын зерттеу; [Сот сараптамасы туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы N 188 Заңы 1 бабы]

сот-сараптама қызметі - арнаулы ғылыми білім-білік негізінде қылмыстық, азаматтық және әкімшілік процестіс не аралық сотта, терелікте іс қараудың қатысушысы болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында сот сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі қызмет; [Сот сараптамасы туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы N 188 Заңы 1 бабы]

сот сарапшысы - сот, тергеуші, жауап алушы сот сараптамасын жүргізуді тапсырған істің нәтижесіне мідделі емес, арнаулы ғылыми білім-білігі бар адам; [Сот сараптамасы туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы N 188 Заңы 1 бабы]

судья - сот билігінің иесі; осы лауазымға заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған немесе сайланған кәсіпқой судья (соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы, соттың мүшесі немесе тиісті соттың басқа да судьясы); [Қазақстан Республикасының ҚІЖК 7 б. 6 т.]

жұбайлар – тұлғалар заңды некеде тұратындар, заңнамада жақын туыстар санатына жатпайды. Адамдар арасындағы заңды некемен байланысқан, куә иммунитетінің құқығына бөлінген табиғи сезім. [Сейтжанов О.Т. Свидетельский иммунитет в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан: Учеб. пос. – Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им.Б.Бейсенова,2009. – 88с.С.16]

басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық-іс жүргізу заңын елеулі бұзушылықтар деп сотты басты сот талқылауын ұйымдастыру және тағайындау, сондай-ақ оның шектерін белгілеу мүмкіндігінен айыратын заң бұзушылықтар танылуы мүмкін. Атап айтқанда, прокурор айыптау қорытындысымен, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасымен өзінің келісімін білдірмесе; айыпкерлер сотқа берілмесе; айыпкерлер ретінде жауапқа тартылған және өздеріне қатысты айыптау қорытындысы әзірленген адамдардың кейбіреуін сотқа беру туралы қаулыда көрсетілмесе немесе сотқа берілмеген адамдарға қатысты қылмыстық істерді қысқарту туралы қаулы болмаса; сотталушының анкеталық мәліметтерін жазу кезінде сот түзей алмайтын қателіктерге жол берілсе; айыпкерді қылмыстық жауаптылыққа тартқан және сотқа берген баптың бөлігі, тармағы көрсетілмей қалса; сотқа шақырылуға жататын адамдардың мекен-жайлары анықталмаса (ҚІЖК-нің 101-бабына сәйкес бүркеншік атпен және белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдар сұрақ алынған адамдардан басқа); іс материалдарының тізімдемесі болмаса; іс материалдары олардың толық оқылуына

мүмкіндік бермейтін тәсілмен орындалса және сот жоя алмайтын басқа да жағдайлар басты сот талқылауын тағайындауға кедергі болуы мүмкін [Соттардың қылмыстық істерді қосымша тергеу жүргізу үшін қайтаруы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 13 желтоқсан N 19].

ытқұмарлық - есірткі және психотроптық заттардың әсеріне ұқсас психикалық елірме әсер туғызатын және республикалық заңнамалық актілер мен халықаралық конвенциялардың тізімдеріне енбейтін дәрілік препараттар мен табиғаты әртүрлі дәрілік емес заттарды шектен тыс пайдалану.[Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы]

уытты зат - тірі организмдерге әсер ету кезінде олардың өліміне әкеп соқтыруға бейім және мынадай сипаттамасы бар заттар: асқазанға енгізілген кезде бір килограмм салмаққа қоса алғанда 15-тен 200 миллиграмға дейін келетін өлтіретін орташа доза; теріге енгізген кезде бір килограмм салмаққа қоса алғанда 50-ден 400 миллиграмға дейін келетін өлтіретін орташа доза; ауадағы өлтіретін орташа шоғырлануы бір литрге қоса алғанда 0,5-тен 2 миллиграмға дейін келетін мөлшердегі; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы]

есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар транзиті - есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке үшінші мемлекеттің аумағы арқылы өткізілуі; [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы]

Қазақстан Республикасының көлігі - оның аумағында тіркелген теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық электр, соның ішінде метрополитен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы магистральдық труба-құбыр көлігі. [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы]

тасымалдаушы - ақыға немесе жалданып жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді және почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін әрі осыған белгіленген тәртіппен берілген лицензиясы немесе рұқсаты бар, меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде көлік құралдарын иеленуші жеке немесе заңды тұлға. [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы]

трассология деп – қылмыс механизмін көрсететін әр түрлі іздердің пайда болу заңдылықтарын оқып үйренетін және қылмысты әшкерлеу мақсатында іздерді жинап,

зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін криминалистикалық техниканың саласын айтамыз. [Ж.Қ.Жәкішев Қримиалистика: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 520б.- Б.89]

шақырту туралы тиісінше хабарланған адамның келмеуінің дәлелді себептері: адамды келу мүмкіндігінен айыратын сырқат, жақын туыстарының қайтыс болуы, кездейсоқ апат, адамды тағайындалған уақытта келу мүмкіндігінен айыратын өзге де себептер болып танылады. Сезікті, айыпталушы, сондай-ақ куә мен жәбірленуші шақыру бойынша тағайындалған мерзімде келуге кедергі келтіретін дәлелді себептер туралы олар өздері шақырылған органға хабарлауға міндетті. [Қазақстан Республикасының ҚДЖК 158 б. 2 б.]

тергеушінің шақыртуы бойынша айыпталушының келмей қалуына мыналар дәлелді себеп деп танылады: 1) айыпталушының келуіне мүмкіндік бермейтін ауру; 2) жақын туыстарының қайтыс болуы; 3) дүлей апаттар; 4) шақыру қағазының /хабарламаның/ қолына тимеуі; 5) айыпталушының белгіленген мерзімде келуіне мүмкіндік бермейтін өзге жағдайлар. 6. Айыпталушы белгіленген мерзімде келмей қалу себептері туралы тергеушіге хабарлауға міндетті. 7. Дәлелсіз себептермен келмей қалған жағдайда айыпталушы айдап әкелінуі мүмкін. [Қазақстан Республикасының ҚДЖК 208 б. 5,6,7 б.б.]

дәлелді себептер болған жағдайда – келу мүмкіндігінен айыратын ауруы, жақын туыстарының қайтыс болуы, дүлей зілзала, жаппай тәртіпсіздіктер, шақыру қағазын алмауы, белгіленген мерзімде келу мүмкіндігінен объективті түрде айыратын өзге де жағдайлар. [Бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамап ұстау туралы Нұсқаулықтарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 18 қазандағы N 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қазандағы N 187, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы N 590, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 7 қазандағы N 214 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 26 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3947]

қылмыстық жауаптылық деп – қылмыс заңы бойынша қылмыс деп белгіленген нақты іс-әрекетті істеген адамды мемлекет атынан оның тиісті органдары арқылы мінеушілігін (айыптаушылығын) айтамыз. Қылмыстық жауаптылық-қылмыстық құқылық қатынас мәселесімен тығыз байланысты. Бұл байланыс екі жақты көрініс арқылы белгіленеді. Біріншіден, қылмыстық құқылық қатынас қылмыстық жауаптылық сияқты істелген қылмыстың құқылық зардабы. Яғни, нақты қылмыс жасалмаса қылмыстық жауаптылық та, қылмыстық құқылық қатынас та жоқ. Екіншіден, нақты қылмыс жасалған уақыттан бастап қылмыстық жауаптылық, ал мұнымен бірге бір мезетте істелген қылмыстың салдарынан қылмыстық құбылыс, яғни қылмыстық құқылық қатынас пайда болады. Қылмыстық-құқылық қатынас бір жағынан мемлекет атынан әділ соттылықты жүзеге асыратын анықтама, тергеу, прокуратура, сот органдарымен, екінші жағынан қылмыс істеген субъектінің (қылмыскердің) арасындағы қатынас болып табылады. [А.Н.Ағыбаев Қылмыстық құқық Алматы «Жеті жарғы» 2007. – Б 47]

қылмыстық іс - жасалды деп жорамалданған бір немесе бірнеше қылмыстар бойынша қылмыстық ізге түсу органы мен сот жүргізетін окшауландырылған іс жүргізу; [Қазақстан Республикасының ҚДЖК 7 б. 26 т.]

қылмыстық ізге түсу (айыптау) - қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет пен оны жасаған адамды, соңғысының қылмыс жасаудағы кінәлілігін анықтау мақсатында, сондай-ақ мұндай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін айыптау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі; [Қазақстан Республикасының ҚДЖК 7 б. 13 т.]

қылмыстық іс жүргізу – сот, прокурор, тергеуші, анықтау органдарының дайындалған қылмысты жасатпауға, жасалған қылмысты тексеріп, қылмыс жасаған адамды әшкерлеп, оған әділ жаза қолдануға бағытталған заңмен реттелген әрекетті және іс жүргізуге қатысушылар арасындағы құқықтық қарым-қатынасы деп айтамыз. [Қ.Ө.Тәшібаев, А.Қ.Тәшібаева Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы Қарағанды Болашақ-Баспа 2009. – Б 7]

қылмыстық іс жүргізу дегеніміз – анықтау мен алдын ала тергеу жүргізетін органдар, прокурор мен соттын, дайындалып жатқан қылмыстың жолын кесу, ал жасалған қылмысты тергеп, оны ашып, айыпталушыны заң бойынша әділ жазаға тарту жолындағы әрекеттер және осы жолда, яғни іс жүргізу жолындағы қызметкерлер мен органдар арасында туындаған құқықтық қарым-қатынас. [Қ.Ө.Тәшібаев, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы Қарағанды Болашақ-Баспа 2009. – Б 7]

медициналық куәландырудан, медициналық тексеруден немесе емдеуден жалтару – есірткі немесе психотроптық заттарды теріс пайдаланушы адамның құқық қорғау органдары қызметкерінің медициналық куәландыруға немесе тексеруге қатысты өкімін қасақана орындамауы, сондай-ақ дәрігердің белгілеулері мен ұсынымдарын орындамауы; [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы]

қылмыстар туралы тіркеуден жасырылған өтініш, хабарлама – бұл қандай да бір қылмыс құрамының белгісін қамтитын, ӨЕК-да оны тікелей алған тұлғамен немесе оны тіркеуге жауапты тұлғамен тіркелмеген өтініш немесе хабарлама; [Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2009 жылғы 29 қыркүйектегі № 55 бұйрығының 2 бабы 5 тармағы]

есептен жасырылған қылмыс – бұл қылмыстық істі қозғауға ҚР ҚДЖК [177-бабымен](#) қаралған, негіздердің жеткілікті болуына қарамастан, қылмыстық қудалау органдарымен оны келесі жолдармен есепке қоюға шара қабылданбаған қылмыс:

ӨЕК-нда тіркемеу (мұндай әдістерге келесі жатады: қылмыстар туралы өтініштерді, хабарламаларды тіркеуден тікелей жасыру; әкімшілік істі негізсіз қазғау; «Расталмаған деректер бойынша нарядтар үшін есептен шығарылған материалдар» наменклатуралық істерге тексеру материалдарын есептен шығару; жеке айыптау істері бойынша сотқа негізсіз жолдау; қылмыстық істен басқа қылмыс құрамының белгілері бар тексеру материалдарын бөлмеу жолымен); ақталатын негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы негізсіз қаулыны шығаруы; аумақтылығы (тергеуде болуы) бойынша нақты жолдамай ӨЕК-ғы жазбалар, сонымен қатар бұрын тіркелген қылмыстық іске (материалға) нақты тіркеусіз ӨЕК-ғы жазбалар. Құқықтық қудалау органымен жеке тексеру әрекеттерінің дайын болмауына байланысты (сараптаманың, салық тексеру актілерінің, халықаралық тапсырмалар басқа ревизия актілерінің қорытындысы) тергеуге дейінгі тексерудің ҚР ҚДЖК рұқсат етілген мерзімнің өтуімен қылмыстық істі бас тарту туралы шешімі қабылданса және оның күшінің жойылуы туралы прокурорға қолдау хат жолсанса қылмыс жасырылған болып есептелмейді. Жасырылған қылмыс ретінде одан әрі ақталатын негіздер бойынша қысқартылған немесе ақтау үкімі шығарылған қылмыстық істер есептен шығарылуға жатады. Осы шешімдердің одан әрі күші жойылған жағдайда, қылмыстар жасырылған ретінде қайта есепке алынады. [Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2009 жылғы 29 қыркүйектегі № 55 бұйрығының 2 бабы 5 тармағы]

көше (көшенің көлік жүретін бөлігі) - қалалар немесе өзге де елді мекендер шекарасының шегіндегі автомобиль жолы; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 бабы]

ниет- кінәнің бір түрі. Белгілі бір қажеттіліктер мен мүдделердің іштей түрткі болуына байланысты адамның соларды басшылыққа ала отырып саналы түрде қылмыс істеуге бел бууын айтамыз. [А.Н.Ағыбаев Қылмыстық құқық жалпы бөлім. Алматы «Жеті жарғы»1997. – Б.107]

ақпаратты жою – ақпаратты магниттің тасымалдауында және ЭВМ-де толық немесе жартылай жоюлы және қайта қалыпқа келмеуін айтамыз. [А.В.Сырбу Перехват сообщений в системе следственных действий: Учебное пособие. – Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б.Бейсенова, 2007. – 106 с. С. 13-14]

есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - өзіне берілген құзырет шегінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыратын және оны жүзеге асыруды үйлестіретін орган; [Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы 1 бабы 7 тармағы]

сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу - анықтау органының, анықтаушының, тергеушінің осы Кодексте белгіленген өкілеттіктері шегінде ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар бойынша сотқа дейінгі қызметінің іс жүргізу нысаны;" [Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 3 желтоқсандағы N 213-IV Заңы 1 бабы]

нормативтік құқықтық актінің деңгейі - нормативтік құқықтық актінің нормативтік құқықтық актілер сатысындағы өзінің заң күшіне қарай алатын орны; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы]

еңбек қауіпсіздігінің жағдайлары - еңбек процесінде қызметкердің жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығына әсер ететін өндірістік орта мен еңбек процесі факторларының жиынтығы; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы]

пайдаланылмайтын әскери мүлік - қару-жарақтан алынған, тікелей мақсатына орай пайдалануға жарамсыз, есептен шығарылған, запаста сақтаудың кепілді мерзімі өткен, Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы басы артық және олар қолданбайтын мүлік; [Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы N 29 Заңы]

жол жүрісіне қатысушы - жүргізуші, жүргінші, көлік құралының жолаушысы, мал айдаушы ретінде жүріс процесіне тікелей қатысатын адам; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

процеске қатысушылар - қылмыстық ізге түсуді және сотта айыптауды қолдауды жүзеге асыратын органдар мен адамдар, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өздерінің немесе өздері білдіретін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын адамдар: прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы, сезікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер, оның заңды өкілі мен өкілі, жәбірленуші, жеке айыптаушы, азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері мен өкілдері; [Қазақстан Республикасының ҚДЖК 7 б. 9 т.]

қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар – Қазақстан Республикасы ҚДЖК-де көрсетілгендей қылмыстық іске қатысы бар, құқықтары мен міндеттері бар барлық заңды және жеке тұлғалар жатады.[С.Д.Оспанов Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Алматы: Юридическая литература, 2003. – 266с.С.266]

қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды есепке алу – қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды қабылдау және тіркеу бойынша мәліметтерді бекіту және оларды статистикалық есептілікте бейнелеу; [Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2009 жылғы 29 қыркүйектегі № 55 бұйрығы].

қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін нұқсан (зиян) - қоршаған ортаны ластау немесе тірі организмдер мен адамның ауыруын, жұтауын немесе қырылуын, табиғи ресурстардың сарқылуын туғызған немесе туғызатындай етіп табиғи ресурстарды белгіленген нормативтерден тыс алып қою; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

адамның нақты ұсталуы деп, оның емін-еркін жүріп-тұру және өз қалауы бойынша өзге де әрекеттерді жасау мүмкіндігінен айырылуын (адамды қолға түсіру, күштеп ұстау, үй-жайға қамау, бір жерге баруға немесе орнында тұруға мәжбүрлеу және т.с.с.) түсіну қажет. [Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 7 Нормативтік қаулысы].

жалған дәрілік зат - құрамы, қасиеттері және басқа да сипаттамалары бойынша түпнұсқаға немесе дайындаушының қайта өндірілген дәрілік затына (генерикке) сәйкес келмейтін, заңға қайшы және әдейі қолдан жасалған этикеткамен жабдықталған дәрілік зат; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

фельдъегерлік байланыс - мемлекеттік органдардың хат-хабарларын, соның ішінде мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді қабылдауды, сақтауды, тасымалдауды және жеткізуді қамтамасыз ететін үкіметтік курьерлік байланыстың түрі; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

азаматтың жан азабы деп адамның кемсітуге, ызалануға, түңілуге, ашуға, ұятқа, қажуға, жайсыздыққа және т.б. байланысты басынан кешіретін эмоциялық-өзіндік жан күйзелісі сезімдерін түсіну қажет. [Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусым N 3. (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені 2001 ж., N 6)].

экстремизмді қаржыландыру - жеке және (немесе) заңды тұлғаларды, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігін экстремистік мақсаттарда, соның ішінде оларға қаржылай қаражат, жылжымайтын мүлік, оқу, полиграфиялық және материалдық-техникалық база, телефон, факсимилді және басқа да байланыс түрлерін, ақпараттық қызмет көрсету, сондай-ақ өзге де материалдық-техникалық құралдар беру жолымен қаржыландыру. [Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы].

құжат формасы – құжаттың сыртқы белгілері: ол дайындалған материал және ақпараты көрсету тәсілі, құжат қағазда, матада, фотопенкада, әріптердің, телеграфтың және типографтық белгілердің, сізбалардың, сандардың суреттержін лентада және құжаттың мазмұның оның тағайындалған тұлғалар шеңберіне дұрыс түсіндірулуін қамтамасыз ететін басқада тәсілдермен дайындалу мүмкін. [Н.П.Царева Документы-доказательства в уголовном судопроизводстве.М.: «Приор-издат», 2003. – 160с.С.16]

бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену - пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру [Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы].

сұрау, өтініш – қылмыстық іс жүргізудегі анықтау органына тергеушіге, прокурорға, сотқа іс жүргізуді аяқтау немесе шешім қабылдау жөнінде жасалған сұрау,өтініш.(Қ.О.Ташибаев Қылмыстық іс жүргізу терминдері мен егізіг ұғымдардың түсіндірме сөздігі. – Қарағанды, 1998ж.).

суық қару - нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің көмегімен қозғалысқа келтірілетін қару; [Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 Заңы]

қойма - материалдық құндылықтарды тұрақты немесе уақытша сақтау үшін бөлінген құрылыстар, ерекше құрылғылар, шарбақпен немесе техникалық құралдармен арнайы жабдықталған не күзетпен қамтамасыз етілген орындар мен аумақ учаскелері (мысалы, мүлікті сақтауға арналған немесе осы мақсатта пайдаланылатын автомашиналардың салондары мен оның басқа да жабық бөліктері, жылжымалы автолавкалар, рефрижераторлар, контейнерлер, сейфтер, қоймалар, күзетілетін жүгі бар темір жол платформалары, қоршалған немесе қоршалмаған күзетілетін алаңдар және басқалары) түсініледі. Аумақ (айдын) учаскелері, сақтауға арналмаған (мысалы, күзетілуде тұрмайтын не кіруге кедергі жасайтын қондырғылары жоқ, комбайндардың бункерлері, автомашиналардың ашық кузовтары, платформалар мен жартылай вагондар), алайда осы мақсатта пайдаланылатын ыдыстар "қойма" ұғымына жатпайды. [Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы]

мақсат – мүмкін әрекеттердің нәтижесінің психикалық субъектінің көрінісі [Г.К.Пралиева Юридическая психология: - Алматы: Жеті жарғы,2004. – 384с.С.131]

құндылықтар - бұл бағалы заттар, құнды қағаздар, автокөлік құралдары мен өзге де мүлік, антиквариат және мәдени және өзге де құндылықтарды білдіретін басқа да заттар. [Бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамап ұстау туралы Нұсқаулықтарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 18 қазандағы N 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қазандағы N 187, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы N 590, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 7 қазандағы N 214 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 26 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3947]

құнды қағаздар - акциялар, облигациялар және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі мен басқа заңнамалық актілерде белгіленген басқа да құнды қағаздардың түрлері жатады. [Бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамап ұстау туралы Нұсқаулықтарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 18 қазандағы N 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қазандағы N 187, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы N 590, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 7 қазандағы N 214 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 26 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3947]

жеке айыптаушы – жеке айыптау ісі бойынша сотқа шағым берген және сотта айыптауды қолдаған адам, сондай-ақ мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда сотта айыптауды дербес қолдаушы жариялы және жеке-жариялы бойынша жәбірленуші жеке айыптаушы болып табылады. Жәбірленуші кәмелетке толмаған немесе әрекет қабілеті жоқ жағдайда өтініш, сұрау білдірген немесе шағым берген оның заңды өкілі жеке айыптаушы болып саналады. [Қазақстан Республикасының ҚІЖК 76 . 1,266.]

төтенше жағдай - адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар - дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануын туғызған төтенше жағдайлар; [Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар - өнеркәсіп, көлік авариялары және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын (тарату қаупі бар) авария, үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауы, бөгендердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз ететін электр-энергетика және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авария туғызған төтенше жағдайлар; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

экологиялық қауіпсіздік - жеке адамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарын қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал ету нәтижесінде туындайтын қатерден қорғалуының жай-күйі; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

экологиялық қауіп - антропогендік және табиғи ықпалдар әсерінің, соның ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар себептерінен қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын және осыған байланысты жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жағдай; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

сот сарапшысы - сот, тергеуші, жауап алушы сот сараптамасын жүргізуді тапсырған істің нәтижесіне мүдделі емес, арнаулы ғылыми білім-білігі бар адам; [Сот сараптамасы туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы N 188 Заңы]

сот сараптамасы - шешілуі үшін маңызы бар жасаяттарды белгілеу мақсатында, арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу; [Сот сараптамасы туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы N 188 Заңы]

экстрадиция – бұл интерпол мүшелерінің, мемлекеттің ұйымдастыру-басқару қызметі, қылмыскерлерді халықаралық конвенциямен сәйкестендіріліп іске асыру үшін бағытталған, келіссөздер және келісімдермен, ал басқа жағдайда өзара жақтардың қарым-қатынас негізінде, жазаның бұлтартпастығын ұстанымның жүзеге асыруы, ал сотталған тұлғаларды – сот шешімімен шығарылған жазаны өтеу мерзімі үшін тұлғаларды сотқа беру және құқыққа қарсы жасалған іс-әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады. [А.Б.Токсанбаев Интерпол и международный терроризм: проблемы,

тенденции развития и противодействие: Монография. – Алматы: ОФППИ «Интерлигал» в в Казахстане, 2004. -304с.С.71]

экстремизм - жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы; жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды: Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, өкіметті күшпен басып алуды немесе өкіметті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді); нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді); діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және (немесе) жасауы; [Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы]

экстремистік ұйым - экстремизмді жүзеге асыратын және сот экстремистік деп таныған заңды тұлға, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі [Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы]

экстремистік іс-әрекеттер - экстремистік мақсаттағы іс-әрекеттер жасауға шақыратын жария үндеулерді, экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттауды, үгіттеуді және көпшілікке көрсетуді қоса алғанда, осындай іс-әрекеттерді тікелей іске асыру; [Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы]

экстремистік материалдар - экстремистік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға шақыратын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын, жария етуге немесе таратуға арналған кез келген құжат не өзге де жеткізушілердегі ақпарат; [Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы].

электрлі қару - қолданылуы электр разрядының күшіне негізделіп арнайы бейімделген тетік. [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы]

электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының

өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі; [Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар N 370-II Заңы]

эпизоотия ошағы - жұқпалы ауруды қоздырушы көздер, тарататын факторлар және ауруға бейім жануарлар тұрған шектеулі аумақ немесе қора-жай. [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

эпизоотия - белгілі бір әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында жануарлардың аса қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларының жаппай таралуы; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

шама бірлігінің эталоны - техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен бекітілген, мөлшерін осы шаманың басқа өлшем құралдарына беру мақсатында, шама бірлігін (шама бірлігінің еселік не үлестік мәндерін) жаңғыртуға және (немесе) сақтауға арналған өлшем құралы. [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттар - ережелер, нұсқаулар және өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу талаптары мен тәртібін айқындайтын өзге де нормативтік және әдістемелік құжаттар; [Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 209 Заңы 1 б.]

занды кеңес – қорғаушылардың бөлімшелерінің коллегия құрылымы жеке және заңды тұлғаларына заңды көмек көрсету үшін ұйымдастырылған, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларында қарастырылған басқа функцияларды орындау және алқаның «Занды кеңесі туралы» Жарлығы мен ережелері қорғаушылардың заңды мүдделері мен құқықтарының қорғалуын жүзеге асырады. [Н.В.Мазур Адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учеб. пос. – Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б.Бейсенова, 2006. – 144с.С.116]

заң көмегі – адвокаттың азаматтар мен мекемелердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың барлық заңды құралдары және әдістерін қолдану арқылы кеңес бөнес беру, түсіндіру, талап арыздар, шағымдар, талап-тілек толтыру және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды талап ету, қорғау және өкіл болу, сондай-ақ басқа да әрекеттерді сотта ғана емес, сонымен қатар соттан тыс кездерде де белсенді түрде атқаруы. [Н.В.Мазур

Адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учеб. пос. – Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б.Бейсенова, 2006. – 144с.С.116]

кінәсін мойындап келу - адамның оған қатысты әлі күмән келтірілмегенде немесе аталған қылмысты жасағанына айып тағылмағанда өзі жасаған қылмысы туралы ерікті мәлімдеуі. Кінәсін мойындап келген кездегі мәлімдемеде қылмысқа бірге қатысқан адамдар аталған жағдайда мәлімдеушіге әдейі жалған хабар бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі. [Қазақстан Республикасының ҚІЖК 179 б.1,3 б.]